



№2 (176), 2023
(Ақпан-Февраль)

МЕКТЕПТЕГІ ПСИХОЛОГИЯ ПСИХОЛОГИЯ В ШКОЛЕ

Журнал 2006 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап
қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.

Журнал издается с января-февраля 2006 года на казахском и русском языках
2011 жылдан бастап ай сайын шығады – С 2011 года выходит ежемесячно

(Республикалық ғылыми-теориялық және қолданбалы журнал – Республиканский научно-теоретический и прикладной журнал)

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

А. ОЛЖАЕВА

Ұлттық құндылық ұғымының ғылыми әдебиеттердегі
көрінісі3

А. СУЛТАНҒАЗЫ

Үштілділік – жан жақты тұлға қалыптастырудың маңызды
факторы7

М. ТУЛЕШОВА

Ерекше білімді қажет ететін оқушылармен жүргізілетін
әлеуметтік педагогикалық жұмыс10

Ж. ҮДЕРБЕК

Жеке тұлғаның әлеуметтік құрылымдарға енуі және қоғамға
бейімделуі13

С. АЛТЫНБЕКОВА

Мүмкіндігі шектеулі балаларға психологиялық қолдау
көрсетудің маңызы16

О. СИЗОНЕНКО

Главные условия воспитания детей в семье18

Т. ДРОБА, А. КУТУБАЕВА

Психотравмирующая ситуация – рекомендации выхода
из неё25

А. КӨЛТАЕВА

Мұғалімдерге арналған психологиялық тренинг29

А. АБИКЕНОВА

Әлемнің жеті кереметі30

Ж. ДҮЙСЕНОВА

Жас мамандарға арналған психологиялық тренинг35

А. ГУБАЙДУЛЛИНА

11-сынып оқушыларына арналған психологиялық
тренинг40

Н. БИҒАЗИЕВА

Оқушыларға арналған психологиялық тренинг43

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор –

Ақнұр ОЛЖАЕВА

Ғылыми редактор –

М. АХМЕТОВА

20. 05. 2010 ж.
ҚР Байланыс
және ақпарат
министрлігінде
қайта тіркеліп, №10964-Ж
күелігі берілді.

Басылым индексі: 75487

Басуға қол қойылды

15. 02. 2023 ж.

Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 320.

Редакцияның

мекен-жайы:

050036, Алматы қаласы,

Мамыр-2 ы/а, 13-7.

Тел/факс:

8 (727) 255-72-94.

Ұялы тел: 8 777 194 94 58,

8 777 303 37 67.

Эл пошта:

pedagog-ltd@mail. ru

Журнал <<Print
House GERONA>>

типографиясында

басылды.

Алматы қаласы, Сәтбаев

көшесі 30А/3, 124.

Көркемдеуші және

беттеуші:

Нұрзат Раймқұлова

Редакциялық алқа: Редакционная коллегия:

М. Ахметова – редакция алқасының төрағасы, психол. ғ. д., проф.
(Алматы, «Қайнар» Академиясы)

О. Саңғылбаев – психол. ғ. д., проф.
(Алматы, ҚазҰПУ)

М. Перленбетов – психол. ғ. д., проф.
(Алматы, «Қайнар» Академиясы)

Б.Р. Кадыров - д.пс.н., профессор
(Узбекистан, Ташкентский филиал
МГУ им. М.В. Ломоносова)

М. П. Кабакова – канд. психол. н.,
доцент (Алматы, КазНУ)

Ш. Сатиева – психол. ғ. к., проф.
(Семей, «Семей ун-т»)

Ә. Көкебаева – психол. ғ. д., проф.
(Көкшетау, «Көкшетау ун-т»)

Ұ. Төлешова – п.ғ.к.
(Алматы, ҚазҰПУ)

Б. Бейсекеева – педагог-психолог
(Павлодар обл.)



Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілермен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Журналға шыққан материалдардың стильдік қателіктеріне редакция жауап бермейді. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды.



Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотографии не рецензируются и не возвращаются.

Главный редактор –
Акнур ОЛЖАЕВА
Научный редактор –
М. АХМЕТОВА

Журнал перерегистрирован в Министерстве связи и информаций РК.
Свидетельство №10964-Ж от
20. 05. 2010 г. Астана.
Подписной индекс: 75487

Подписано в печать 15. 02. 2023 г.
Печать офсетная.
Заказ 320.

Учредитель:

ООО «Педагог LTD»

Адрес: 050036, г. Алматы,
Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;
сот. т.: 8 777 1949458, 8 777 3033767
Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Дизайнер-верстальщик
Нурзат Раймукулова

Журнал напечатан в типографии
<<Print House GERONA>>
г. Алматы, ул. Сатпаева, 30А/3,
124-офис.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word бағдарламасында сақтап жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз. Мақаланызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны на компьютере и сохранены в формате программы Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц. Сведения об авторе должны быть точными и полными. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте электронной почтой (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

Ұлттық құндылық ұғымының ғылыми әдебиеттердегі көрінісі

А. ОЛЖАЕВА

Кілт сөздер: ұлттық құндылықтар, ғылыми әдебиеттер, қазақ халқы, этнопсихология.

Түйіндеме: Мақалада қазақ халқының ұлттық құндылықтарының түрлі ғылыми әдебиеттерде көрініс табуы баяндалады. Отандық авторлардың ғылыми еңбектеріне шолу жасалады. Ата-баба мұрасы тек әдебиетте ғана емес, шынайы өмірмен байланысуы қарастырылады.

Бүгінгі таңда ұлттық мәдениет еліміздің болашағын анықтайтын маңызды мәселе. Жалпы ел мен елдің, ұлт пен ұлыстың арасын идеология емес, мәдениет жалғастырады. Ұрпақтан ұрпаққан рухани құндылықтарды жеткізу ұлттық құндылықтардың тұрақты жүйесін жасайды. Өз тарихын, рухани мұраларын, құндылықтарын, әдет-ғұрып, салт-дәстүрін келесі ұрпаққа таныту – ұлттың өзін-өзі сақтау инстингі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Ұлағатты ұрпақ тәрбиелеу – аса жауапты әрі күрделі міндет. Ұлттық құндылыққа қанығып өскен өреннің танымы терең, ділі берік болады» [1]. Аксиология («*axia*» – грекше «құндылық», «*логос*» – ілім, ғылым) құндылық ұғымына тұңғыш анықтаманы философтар (Лотце, Коген) берген. Аксиологияның ғылыми тұрғыда дамуына үлес қосқан философтар Гегель, Кант, Ницше, Кассирер және т.б. Мәселен, Э. Кассирер «құндылық – бұл адамның ішкі дүниесінен тыс, мәңгі идеалды әлем» – деп түсіндіреді. Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде: «Құндылық – нарқы жоғарылық, қымбаттылық, бағалылық» – деген ұғымды білдіреді. Қазақ кеңес энциклопедиясында: «Құндылық-объектінің жағымды немесе жағымсыз жақтарын білдіретін философиялық-социологиялық ұғым», - деп атап көрсетеді [2]. Құндылық проблемасының ең басты өзегі – Адам. Адам үшін ең басты құндылық – өмір мәнін сезіне білу, өмірдің мәнін өз бойынан іздеп, өмірді рухани толықтыру. Адам өмірінің мән-маңызы іс-әрекет, мақсат, мұрат, күш-қайрат және өмір сүру жолдарымен бағаланады. Белгілі ғалым К.Ж. Қожахметова: «Құндылықтар

– құрметтеу, қошеметтеу, қабылдау тәрізді ұмтылысты білдіреді. Құндылықтар – сезім мен ақыл-ойдың үйлесімін және сол арқылы адамның іс-әрекетін белгілейді», - деген. [3].

Белгілі философ А.Г. Здравомыслов «барлық құндылық бағдардың жиынтығы өзіне тән жеке тұлғаның ой орталығының тұрақтылығы мен белгілі бір қабілет-қасиетімен қамтамасыз етіледі», - деп көрсетіледі. Кеңес психологы К.К. Платонов «жеке тұлғаның құндылық бағдары – жеке тұлғаның әлеуметтік тепе-теңдігінің мазмұны мен адам өмірінің эмоциональды дүниесімен байланысы» деп қарастырса, В.А. Малахов «адам белгілі объектіні құндылық деп есептегенде ол объектіге-субъектілік «дауыс» береді, яғни өзінің жеке басының пікірін, бағасын береді, олай істеуге сол адамның өзіндік құқығы бар» деп анықтама берген болатын.

Белгілі ресей ойшылы, ақын А.С. Пушкин «ұлттың рухани кілтін, табиғи ортасын климат, ауа райы, діні мен рухының айнасы» деп өз поэзиясында тоқталып өтеді. Неміс ғалымы Отто Бауэр: «Ұлт мәселесі және социал – демократия», - деген еңбегінде «Ұлт дегеніміз – ортақ тағдыр, генетикалық және мәдени мұра негізінде қалыптасқан мінездің ортақтығы», - дейді. Олай болса, француз ғалымы О. Бауэр «мәдениет пен өркениеттің дамуымен бірге ұлттық қасиеттер нығайып, ұлттық сана-сезім тереңдей түседі», - деп сабақтайды.

Қ.Б. Жарықбаевтың еңбектерінде қазақ халқының кезінде борша жұртты сүйсіндірген тамаша қасиеттерін (үлкенді сыйлау, ата-ананы құрметтеу, иманжүзділік, қонақжайлылық, бауырмалдық, балжандылық, ақкөңілділік, қайырымдылық, суырып-салмалық, ақынжандылық, т.б.) тереңдетте зерттеумен қаттар, социализм тұсында теріс бағытта белең алған келеңсіз қасиеттердің (үлкенді, ата-атаны силау, алауыздылық, бақталастық, қызғаншықтық, күншілдік, рушылдық, дүниеқоңыздық, енжарлық, маскүнемдік, неке бұзарлық, т.б.) неден пайда болып, ауа жайылып кететіндігін, бұлардың біртіндеп арылуудың жолдарын іздестіру де маңызды [4]. Б. Момышұлы: «Ұлттық мақтаныш сезімі деген не?» - деген сұрақты өзіне-өзі қоя отырып, былай деп жауап береді: «Ұлттық мақтаныш сезімі дегеніміз – белгілі бір ұлт өкілдерінің жеке мақтаныш сезімі, белгілі бір немесе басқа бір ұлт адамының көптеген жеке мақтаныш сезімінің жиынтығы болып табылады. Ұлттық мақтаныш сезімі – әрбір ұлт адамдары үшін бұзылмас заң. Кімдекім өз ұлтын сыйламаса және оны мақтан тұтпаса, ол сөзсіз барып тұрған арамза, отансыз қаңғыбас. Өзін сыйлай алған адам өзгені

де сыйлай алады, белгілі бір ұлттың толық азаматы болып әрі өз ұлтыңды мақтан ете тотырып, сен басқа халыққа да лайықты қарай аласың». Ұлттық құндылықтардың кең өрісті, келісті көрініс табуы – халықтың мақал-мәтелдерінде, шешендік сөздерінде, даналықтарында. Мектепте бастауыш сыныптан бастап оқушыларға мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаш, жыр жаттатып, ертегіні нақышына келтіріп баяндауды үйретіп, рухани құндылықты бойына сіңіреміз. Жастайынан осыларды естіп, ұлттық бұлақтан сусындап нәр алған бала ешқашан да ұлттық келбетін жоймайды. Баланың бойына ұлттық құндылықтың нәрін сөуіп, азамат қылып өсіру ұстазға да байланысты. Ұлттық құндылықтардың кең өрісті, келісті көрініс табуы – халықтың мақал-мәтелдерінде, шешендік сөздерінде, даналықтарында. Мектепте бастауыш сыныптан бастап оқушыларға мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаш, жыр жаттатып, ертегіні нақышына келтіріп баяндауды үйретіп, рухани құндылықты бойына сіңіреміз. Жастайынан осыларды естіп, ұлттық бұлақтан сусындап нәр алған бала ешқашан да ұлттық келбетін жоймайды.

Ұлттық әдеп – қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптастырған ұлттық құндылығы. Сондықтан біз қазақ халқын (жалпы алғанда) әдепті халық дейміз. Әдептілік мінездің үлгілерін әсерлеп көрсетіп, ұрпақты әдептілікке баулимыз. Ұлттық сана сезімі, саяси ой-өрісі ата-бабаларының үлгі-өнегесімен негізделе байланыстыра білім беру, тәрбиелі де өнегелі ұрпақ оқытудың бір қыры іспеттес. Жалпы білім беру процесінде тәрбиелеу мен оқытуды қатар алып жүру білім алушыны рухани жағынан дамыта отырып, кәсібилілікке жетелейді. Осы тұрғыдан алып қарағанда тәрбиенің алдыңғы шарт екенін түсінуіміз керек, өйткені тек тәрбиені, ұлттық құндылықтарды бойына терең сіңірген, рухани байлығы дамыған адамнан нәтижелі еңбек, кәсіби маман күтуге болады. Балалардың әлеуметтік рөлдерін атқаруға даярлығын қалыптастыруда тәрбиенің негізгі мақсаты болғанымен, оның ішінде ұлттық тәрбиенің қосар үлесі мол, себебі, *ұлттық тәрбие – тұлғаның тілін құрметтеуге, дінін қастерлеуге, ділін қалыптастыруға, әдет-ғұрып, салт-дәстүрге бейімдеуге ұлттық құндылық қасиеттерін үйренуге, бүгінгі күн талабындағы жетістіктерді нақты жаздайда пайдалануға үйретеді.*

Ұлттық тұлға өз ұлтының мәдениетін: әдебін, дәстүрін, салтын, салт-санасын жақсы біледі де, өзінің мәдениеттілігін сол ұлттық құндылықтарды әдеппен көркем көрсете біледі, өзі өркениеттіліктің өнегесін, үлгісін, сипатын, мәнін, мазмұнын зиялы әрекеттері-

мен паш етеді. Қазақ халқының ұлттық болмысындағы ұлттық дағдылар: қайырымдылық, мейірімділік, мейандостық, үлкенді құрметтеу, еркіндік, бірлікшілдік, ақиқатшылдық, әдептілік, инабаттылық, жадылық – ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық құндылықтар болып табылады. «Арым, ұятым – барым миятым», - деп, әрбір ұлттық тұлға адамдық арын биік қойып, ұлттық құндылықты толық игере алмағаны үшін ұялады, талпынады, шынығады. Ұяттық сезім – адамдық қасиет. Әрбір адам өз кемшілігі үшін ұялады. Ұлы кемеңгер жазушы М.О. Әуезов: «Қытай халқы ұлы қытай қорғанын, итальяндықтар сазды әуенімен таң қалдырса, қазақ халқы ұлттық құндылықтар мен бай тілін мақтан етеді», - дейді. М. Жұмабаев кезінде: «Әрбір ел келешегіне негізді балаларын тәрбиелейтін, даярлайтын мектебімен салмақ. Бір елдің тағдыры – мектебінің құрылысына байланысқан нәрсе». Бұл ескірмейтін игі сөз, өзгермейтін бір шындық. Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізге құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, сау, берік һәм өз жанымызға қабысатын, үйлесетін негізге құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады. Сондай негізге құра алмасақ, келешегіміз күңгірт», - деп келешек ұрпақты ұлттық құндылықтар жүйесінде тәрбиелеуге ой салады және де бұл педагогикалық аса маңызды мәселе екенін меңзейді. Сол себептен жас ұрпақты тәрбиелеуде басты ұстанар бағытымыз – ұлттық құндылықтар болуы қажет.

Ұлттық құндылық қасиеттер рәсімдеріміз, ұлттық сана-сезіміміз, ойымыз, дәстүрлік іс-әрекетіміз заман ағымына қарай қолданысының өзгеріс табады деген пікірді әрбір ой толғаушы ғалымдардың еңбектерінен байқауға болады. Жоғарыда аталған белгілі тұлғалардың еңбектерін сараптай келе ұлт бойына сіңірген қадірлі қасиеттерді теориялық тұрғыдан дәлелдеп өткен. Бұл күнде көкейтесті мәселеге айналған «ұлттық сана-сезім» фонемені жайлы әртүрлі ғалымдар өз көзқарастарын білдіреді. Н. Елікбаевтің пікірінше, «ұлттық сана-сезім – өзінің ұлттық өкілдігін мойындай отырып, Н. Елікбаев, ұлтына деген сүйіспеншілік, жанашырлық, халық мұраларын, мақтанышын бағалай білу», - дейді. [4] Қоғам өміріндегі қазіргі терең өзгерістер ұлттық тәлім-тәрбие ерекшеліктерін бүкіл адамзат жинақтаған тәжірибемен ұштастыра отырып, қазақ мектебінің болашақ дамуының жаңа белеске көтерілуіне жағдай туғызды. Халықтың ата-баба мұрасының баға жетпес рухани байлықтары тілі, діні, тарихы, әдебиеті, табиғи ортасы, шаруашылық ұйымдастырумен күн көрісіне байланысты қалыптасқан ұлттық

қол өнері, киім-кешегі мен ою-өрнегі, қайталанбас үй құрылысы мен жиһаздары, қару жарақ әуез аспаптары, шабыттылығы мен имандылығы, ізгілігі мен адамгершілігі – қысқасы ұлттың бүкіл болмыс бітімі бүгінгі таңда білім мен тәрбие мазмұнынан берік орын алуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 01.09.2021;
2. Каган М.С. Философия культуры. – СПб.: Метрополия, 1996. – 415 с.
3. Кожаметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. – Алматы: Ғылым, 1998.
4. Елікбаев Н., Ұлттық психология мен ұлттық тәрбие хақында / Н. Елікбаев, Д. Ешмұратова//Ақиқат. 2004. - №1.-86-90 б.

Үштілділік – жан жақты тұлға қалыптастырудың маңызды факторы

А. султанғазы

Бүгінгі технологияның дамуы және жаһандану ғасырында жастарды тәрбиелеудің жаңа, тиімді жолдарын іздеу үрдісінің белсенділігі байқалады. Тарих көрсеткендей, қоғамның дамуы тек экономика мен техника, ғылым мен өнерге, яғни жалпы мәдениетке ғана емес, тіл мәдениетімен тығыз байланысты. Бүгінгі күнгі басты мәселелердің бірі – бәсекеге қабілетті, жан-жақты заман талаптарына сай дамыған тұлғаны тәрбиелеу. Ол үшін арнайы жоспарлар құрылып, әдістемелік бағдарламалар әзірленуі тиіс. «Қазақстан өзінің көпұлттылығымен ерекшеленеді. Оның жерінде көп мәдениетті кеңістік орнаған. Қазақстанның көп мәдениеттілігі – бұл қоғам дамуының ілгері факторы». Қазақстан халқының Еуразиялық түп-тамырлары шығыс, азиаттық, батыстық, еуропалық топтарды қосып, көп мәдениеттіліктің дамуының Қазақстандық қайталанбас нұсқасын жасайды.

Көп мәдениетті білім беру еліміздегі бүгінгі күні басты бағыттарының бірі болып табылады. Білім беру ісі – мемлекеттің дамуы-

ның негізгі көзі. Бүгінгі білім беру ісі – үнемі ұлтаралық қатынастардан тұратын күрделі үрдіс. Соның ішінде студент жастар үшін көптілділік жан-жақты ортаны қалыптастырып, жеке тұлғаның гуманистік жалпы адамзаттық қасиеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Адам өмірінің заманауи жағдайында ұлттық ерекшелік жойылып, өз түп-тамырымен байланыс үзіліп, ата-бабаларымыздың адамгершілік тәжірибесі бағасын жоғалта бастау ісі қарқын алуда. Сондықтан бүгінгі қоғам алдында тұрған басты міндет – әлеуметтік белсенді тұлғаның қалыптасуына мүмкіндік беретін өз тарихын жетік меңгерген, салт-дәстүрін ұғынып, құрметтейтін, өзге ұлттардың мәдениетіне сыйластықпен қарап, қарым-қатынас жасай алатын тұлғаны қалыптастыру [1, 52].

Бұл міндетті шешу үшін, белсенді азаматтық көзқарас, рухани-адамгершілік дәстүрлердің сақталуы, отансүйгіштік сезім, өз Отанына деген мақтаныш сезімі, әлемдік өркениет жайлы сауаты бар, бірақ өз елінің мәдениетін жоғары сезіммен бағалау сияқты қасиеттер жастар бойынан табылуы тиіс [2, 3]. Көптілді меңгерген тұлға атану үшін, әр адам ең алдымен өз ана тілін жетік білуі тиіс. Ал, көптілділік, жас ұрпақты өзара тығыз байланысқан әлемнің өмір сүру жағдайларына дайындау болып есептеледі. Осы орайда, біздің алдымызда көптілді үйрету және тіл дайындығының деңгейін көтеру міндеті тұрады. Көптілділікті қалыптастыру жүйесі «қазақ тілі –орыс тілі –ағылшын тілі» түріне ие. Отандық білім алған жас маманның әрқайсысы өз қалауы бойынша білімін шетелдік оқу орындарында еш қиындықсыз жалғастыра алу мүмкіндігіне ие болуы керек [3, 42].

«Қазақстандықтардың жаңа буыны мүмкіндігінше үш тілді, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгерген болуы керек» деген сөз - бүгінгі білім беру ісіне қойылатын басты талап. Еуропа елдерінде мектеп түлектері мен студенттер арасында бірнеше тілде сөйлеу бұрыннан қалыпты жағдайға айналған. Көптілділік және көптілді білім беру – уақыт талабы, себебі қазір бүкіл әлем көп тілді. Осы айтылғандардың негізінде, Қазақстандық білім беру ісіндегі ірі өзгеріс үштілділікке көшу республиканың барлық аймақтарында біртіндеп жүзеге асуда.

«Тегінде адам бір-бірінен ақыл, білім, ар, мінез қасиеттерімен озады» деген ұлы Абай атамыздың сөзі қай заманда да өз мәнін жоғалтпақ емес. Сондықтан болар, білім беру жүйесін дамыту басты бағыт болып саналады. Еліміздің «Білім туралы» заңының 5-бабында «Барлық оқу орындары мемлекеттік жалпы міндетті стандартқа сай мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін білу мен дамытуды, орыс тілі және шетел тілін оқып үйренуді қамтамасыз етуге тиіс» деп көрсетілген.

Әлемге аты әйгілі, даналығымен танылған, тарихи дара тұлғалар көп тіл білу қабілеттеріне ие болған. Мысалы, атақты ғалым Әбу Насыр әл-Фараби атамыздың өнегеге толы өмірі бүкіл ұрпаққа үлгі. «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады», - деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, тіл – елдік пен тәуелсіздіктің басты тірегі, халықтың жүрегі. Ғасырлар бойы аңсап келген тәуелсіздігіміз баянды болсын десек, ана тіліміздің мәртебесін жоғары көтеріп, ұлтымыздың есімін асқақтату – басты парыз. Біздің алдымыздағы міндет – халқымыздың ұлттық дербестігін сақтай отырып, елімізді өркениетті елдер қатарына үштілділік арқылы қосу.

Қазақ, орыс, ағылшын тілдерін меңгеру адамның жеке және кәсіби қызметінің қазіргі қоғамның ажырамас компоненті болып отыр. Осының өзі үлкен көлемде адамдардың практикалық және кәсіби тұрғыда көп тілді меңгеру қажеттілігін тудыруда. Үштілділікте оқыту жақсы әрі еркін меңгеруге ғана емес, сонымен бірге адамның интеллектуалдық, тәрбиелілік және рухани потенциалын жақсартатынын бүгінгі таңда түсіндіріп жатудың қажеті жоқ. Ағылшын тіліне ерте жастан оқыту балалардың жалпы және тілдік дамуын реттейді, бастауыш мектепте тәрбиенің жалпыбілімдік құндылығын көтереді, балаларды өзге ұлт мәдениетін білуге үйретеді. Тіл мен әдебиет сабақтарында көптілді полимәдениетті тұлға қалыптастыруда филологтердің алдында шәкірттердің инновациялық іскерліктері мен дағдыларын, ізденімпаздық пен шығармашылық қабілеттерін, қорытынды мен тұжырым жасау қабілеттіліктерін, өз бетінше шешім қабылдай алу дағдыларын қалыптастыру және жетілдіру болып табылады. Үштілділік – қорқу тудыратын іс емес.

Білім – кез келген биікке шығарар басты баспалдақ. Тарихта аты алтын әріптермен жазылған тұлғалардың көпшілігі көп тілді меңгеріп, өзге ұлттардың мәдениетіне қаныққан, ақыл-ой, сана-сезімдері ерекше дамыған, көреген жандар. Бұл даналар біздің бүгініміз бен болашағымыз үшін мәңгілік өшпес шырақ іспетті. Сол шырақты сөндірмеу – болашақтың қолында. Олай болса, өз тіліне деген құрметі шексіз, оны еркін меңгерген, өзге тілде қарым-қатынас жасай алатын жан-жақты дамыған тұлға тәрбиелеу –бүгінгі күннің басты ісі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мәдени мұра. №4, тамыз, 2014;
2. Білім берудегі менеджмент. №5, 2015;
3. Оқу-инновациялық технологиялар. №1, 2016;
4. Педагогика. №6, 2016;
5. Қазақстан мектебі. №9, 2014.

Ерекше білімді қажет ететін оқушылармен жүргізілетін әлеуметтік педагогикалық жұмыс

М. ТУЛЕШОВА

Қазасқтан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев 2021 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Біздің білім беру жүйеміз қолжетімді әрі инклюзивті болуға тиіс» деп атап өткендай Білім беру саласында Қазақстан Республикасы ұстанған қазіргі әлеуметтік саясаттың басым бағыттарының бірі – балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуы арқылы білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. «Жаңа Қазақстанды» құру үрдісінің басты ерекшелігі ретінде қоғамдық өмірде жүріп жатқан жаппай интеграция – инклюзивті оқытудың маңызды бөлігі. Инклюзивті орта қоғам мүшелерін толеранттылыққа баулитын бірден-бір тиімді құрал. Оның кең мағынадағы мәні: балаларды бір-бірінен айыратын кедергілерді барынша жою үшін тұтас қоғам боп атсалысу; барлық балаларды денсаулық жағдайына, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарай сараламастан, жалпы білім беру үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеу; баланы дене және психоэмоциялық, әлеуметтік қажеттіліктеріне қарай дамыту-түзету және арнайы қолдау, яғни жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат. [1]

Ерекше білім беруді қажет ететін балалар – тиісті деңгейде білім алу және қосымша білім алу үшін арнаулы жағдайларға тұрақты немесе уақытша қажеттілік көріп жүрген балалар. Қазақстанда ЕБҚ бар балаларға «денсаулықтарына байланысты арнайы жалпы білім берудің оқу бағдарламалары мен қосымша білім беру бағдарламаларын қажет ететін білім алуда тұрақты немесе уақытша қиындықтарды бар тұлғалар» жатады [2].

ЭЫҰД елдерінде «ерекше білімді қажет ету» термині психикалық және дене дамуындағы ерекшелік, мінез-құлық пен қабылдауындағы ауытқушылық, үйде және емханада ұзақ мерзімде ем алатын, эмоционалдық проблемалары бар, толық отбасы емес, жетім, зорлық-зомбылық көрген, әскери конфликт аумағында бол-

ған балаларға қолданылады. Бұл термин сонымен қатар дарынды балаларға қарасты, яғни бала бойындағы дарындылығын дамыту мен жеке қасиеттерін ашу үшін де кеңінен қолданылады. қасиеттерін ашу үшін де кеңінен қолданылады.

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту» туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №4 бұйрығы бойынша төмендегідей 2 тобы айқындалады:

- Оқу қиындықтарының себептеріне байланысты бірінші топты әр түрлі психикалық функциялардың (ақы-ой әрекеті, қабылдау, зейін, есте сақтау) жеткіліксіздігінен мектептегі белгілі бір дағдыларды меңгеруде қиындықтары бар балалар, сондай-ақ даму мүмкіндігі шектеулі;

- Екінші топқа ақыл-ой және физикалық дамуы бұзылмаған балалар кіреді, олардың ерекше білім беру қажеттіліктері олардың білім беру процесіне енуіне кедергі келтіретін әлеуметтік-психологиялық және басқа факторлармен анықталады.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес (бастауыш, негізгі орта және орта) оқуда қиындықтарға тап болған оқушылар үшін арнайы жағдайлар жасалады.

Әлеуметтік педагог «Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалармен жұмыс барысында» лауазымдық міндеттері мен жұмыс жоспарына сәйкес әлеуметтік қатері бар отбасыларының балаларына көмек көрсетеді.

Әлеуметтік педагог баланың жан-жақты психологиялық дамуы үшін жағдай жасау, тәрбиеге теріс көзқарасты жою, салауатты өмір салтына оң көзқарас қалыптастыру, баланың жеке басының дамуының бұзылу себептерін анықтау, профилактикалық іс-шаралар өткізу, насихаттау жұмысы арқылы педагогтар мен балалардың жоғары психологиялық, құқықтық біліктілігін қамтамасыз ету арқылы отбасы мен балаларға әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсетеді. [4]

Әлеуметтік педагог ерекше білімді қажет ететін оқушылармен жұмыс жасау барысында лауазымдық міндетіне сәйкес «Оқушы. Ата-ана. Мектеп» үштігі негізінде жұмыс жасау моделі құрастырылады. Әлеуметтік педагог ерекше білімді қажет ететін оқушылармен жұмысындағы «Оқушы. Ата-ана. Мектеп» үштігі негізінде жұмыс жасау моделі – нәтижеге бағытталған жұмыс үдерісі болып саналады. Себебі, біріншіден оқушының өзінің ерекшелігіне қара-

мастан әлеуметтік қамтамасыз етілген, әлеуметтенген, тәрбиенің түрлерін бойына сіңіріп жан-жақты қалыптасқан тұлға болып қалыптасуы үшін ең алдымен отбасының, екіншіден әлеуметтік ортаға бейімделуі, жас ерекшелігі мен мүмкіндігін ескере отырып білім алуы, әлеуметтік дағдыларының қалыптасуы үшін білім береу ұйымдарының атқаратын қызметі өте маңызды.

Әлеуметтік педагог – социумның «әлеуметтік диагнозын» қою барысында оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктерін, олардың қабілетін, қызығушылығын зерттейді, психологиялық, медициналық, құқықтық, адамгершілік-этикалық және басқа да сипаттағы проблемаларды шешуге көмектеседі. Қоғам мен отбасы, бала тұлғасы жүйесіндегі аралық келістіруші бола отырып, тәрбиеленушінің шынайы өмірге қалыптасуына, балалар мен ересектер арасындағы гуманистік, рухани-адамгершілік қарым-қатынастарға ықпал етеді. [5] Әлеуметтік педагог ЕБҚ оқушыларға адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру үшін қайырылымдылық шараларының маңызы оразан зор.

Қорытындылай келе, әлеуметтік педагогтің ерекше білімді қажет ететін оқушылармен жұмысы оқушының әлеуметтік ортада бейімделуі және әлеуметтік тұрғыда қорғалуын қамтамасыз етуде аса маңызды қызмет болып саналады. Себебі, ерекше білімді қажет ететін оқушы – өз ерекшелігіне қарамастан қоғамның белсенді мүшесі саналады. Ерекше білімді қажет ететін оқушының жан-жақты дамыған, білімді және креативті, «Жаңа Қазақстанды» құруда өз мүмкіндігін жүзеге асыруға, рухани адамгершілік құндылықтар негізінде қолайлы әлеуметтік орта қалыптастыруға, әлеуметтік және құқықтық тұрғыдан қорғау мен қамтамсыз етуде әлеуметтік педагог маңызды жетекші рөл атқарады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы». Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022. – 320 б.
2. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №4 бұйрығы.
3. Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 Бұйрығы. Қазақстан

Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 17 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №5750 болып енгізілді.

4. «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы». Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022. – 320 б.

5. Касымова Р.С. Әлеуметтік педагогтың жұмыс технологиясы: Оқу құралы. – Алматы: ҚазҰУ, 2020.

Жеке тұлғаның әлеуметтік құрылымдарға енуі және қоғамға бейімделуі

Ж. ҮДЕРБЕК

Мүмкіндігі шектеулі баланы әлеуметтік ортаға енгізудің екі жолы бар. Бірінші жолы, мүмкіндігі шектеулі баланы қоршаған ортаға бейімдеу. Бұл жолдың кемшілігі, біржақтылығы. Бұл жолмен керекті нәтижеге жету мүмкін емес, әлеуметтену процесі екі жақтылы болуы керек. Бұл дайындық процесінде интеграцияның объектісі ғана емес, сонымен қатар белсенді субъектісі болу керек.

Екінші жолы мүмкіндігі шектеулі баланы әлеуметтік ортаға енгізу дайындығымен бірге, әлеуметтік ортаны мүмкіндігі шектеулі баланы қабылдауға дайындау. Негізгі факторы да осы. Мемлекет даму мүмкіндігі шектеулі азаматтардың білім алуына, дамуында ауытқуды түзетуіне және әлеуметтік бейімделуіне жағдай жасауды қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасының азаматтарының денсаулығын қорғау жөніндегі заң құжаттарында айтылғандай, мүгедектер, оның ішінде мүгедек балалар және бала жасынан мүгедектер медициналы.әлеуметтік көмек алуға, оңалтылуға (реабилитация), дәрі-дәрмектермен протездермен, протезді-ортопедиялық бұйымдармен, жеңілдік жағдайларда қозғалыс құралдарымен қамтамасыз етілуге, сондай-ақ кәсіби даярлану мен қайта даярлануға құқықтары бар. Лев Семенович Выготский: «Бала бойындағы кемістігін толықтырудың екі түрлі ерекшелігі бар, оның бірі бала психикасының даму шамасына орай тәрбие талаптары, екіншісі

кемістігін қалпына келтірудегі өз бойындағы ерекшеліктері мен мүмкіндіктері», - деп атап көрсетеді. Сондай-ақ ол бала бойындағы кемістікті әлеуметтік жолмен толықтыруға болады деді, ол үшін кемтар балаларға үнемі қамқорлық көрсетіп, оқыту мен тәрбиелеу істерін жүйелі түрде жүргізіп отыру керектігіне ерекше мән берген.

Осыған байланысты педагогикалық үдерісте балалардың белсенділік, өзіндік әрекетін танытуына, сонымен қатар, оның интеллектуалдық және тұлғалық дамуын арттыруына барынша кешенді түзетушілік педагогикалық қолдау жасау қажет. Ерте жасалған диагностика мен дер кезіндегі түзету жұмыстары мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған жеке даму траекториясы бойынша өсуіне жағдай жасайды. Сондықтан, әлеуметтік-педагогикалық қолдау міндеттерін жүзеге асыруда арнайы (түзету) білім беру ұйымдар педагогтарының, соның ішінде әлеуметтік педагог, психолог және арнайы педагогтардың рөлі басым.

Психологияның негізін қалаушы ғалым Л.С. Выготский сөзімен айтатын болсақ: «Сау бала мен кемтар бала бірдей заңдылықтармен дамиды. Демек қалыпты және дамуында ауытқушылық бар балалардың дамуындағы факторлар бірдей. Ақыл-ойы кем бала өзінің дамуында сау баланың жүріп өтетін даму кезеңдерін бастан кешіреді, тек бірқатар кешігумен және спецификалық ерекшеліктерімен өтеді», - деген болатын. Сондай-ақ: «Әр баланың өзінің деңгейі болатындай әр балаға берілетін тапсырманың көлемі оның деңгейіне лайықтап беріледі. Әр баланы өзінің зонасында жетілдіру керек», - деген. Сондықтан, әр баланың жан дүниесіне үңілуден бастап, өзіндік ерекшеліктерін зерттеп, білгеннен кейін, олардың қабылдау деңгейіне қарай түзете-дамыту жұмыстарын жалғастырамыз. Оқыту-тәрбиелеу жұмысын бағдарлама талаптарына сәйкес ойын түрінде ұйымдастыра отырып, балалардың ойлау қабілеттерін арттыруға жағдай жасау қажет.

Баланың ақыл-ойының дамуы тек белгілі бір білім көлеміне емес, танымдық іс-әрекет амалдары мен тәсілдерін игерумен бірге есте сақтау, ойлау, танымдық, шығармашылық қабілеттерінің дамуын тұтас қамтиды. Қазір олардың мүмкіндіктерін ескере отырып, өзгелермен теңдей білім алуына жағдай жасалып жатыр.

1. Инклюзивті оқыту – барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеретін, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үдерісінің дамытуға қол жеткізуді

көздейтін кіріктірілген білім процесі.

Түзету және инклюзивті білім беру бағдарламасының мақсаты да – әр түрлі мұқтаждықтағы даму мүмкіндіктері шектеулі балалардың психикалық процестерін дамытуда, білім алуда кешенді психологиялық-педагогикалық көмек көрсету болып табылады.

Психологтардың түзеу-дамыту жұмысы саусақ жаттығуларынан басталады. Дидактикалық, сюжеттік-рольдік ойындар, мазмұнды суретпен әңгіме құрастыру, түрлі әдістер арқылы сурет салу, ермексазбен жұмыс және қол моторикасын дамытатын заттық-танымдық құралдармен ойнату балалардың қызығушылығын тудырады. Педагог- психолог маманы баланың психологиялық даму деңгейін зерттеп, танымдық, тұлғалық, эмоционалды-ерік қабілеттерін дамытуға бағытталған түзету-дамыту жұмыстарын жүргізеді: баланың өзіне деген, қоршаған ортаға деген қатынасын жақсарту, өз эмоциясын басқара алуы, қоғамда өзін еркін ұстауы, танымдық қызығушылығын арттыру т.б. Тренингтер, танымдық ойындар, релаксация, арттерапия сияқты жұмыс түрлері арқылы балалардың психологиялық дамуына жағдай жасайды.

Әлеуметтік педагогы баланың әлеуметтік және жеке проблемаларын шешу тәсілдерін, баланың жеке құқығы мен еркіндігін іске асыруда әлеуметтік көмек және әлеуметтік қорғау бойынша шаралар өткізеді. Отбасының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын тексеріп, мұқтаждық картасын жасап отырады. Ата-аналарға құқықтық, әлеуметтік жәрдемақылар, курорттық емдеу орындары жұмыстары туралы көмек көрсетеді. Балаларға жеке сабақтар кезінде түрлі табиғи материалдар арқылы қол еңбегіне үйретеді, өз-өзіне қызмет көрсету дағдысын қалыптастыруда Монтессоридің күнделікті өмір жаттығуларын балаларға үйретеді. Емдік дене шынықтыру нұсқаушысы баланың дене бітімінің дамуына, жетілуіне арналған жаттығулар, ойындар өткізу арқылы баланың ірі және ұсақ моторикасын дамытады, қозғалыс координациясын түзейді. Шынықтыру, сауықтыру шараларын өткізеді.

Мамандардың баламен жан-жақты жұмыс нәтижелерін мыны көрсеткіштен көруге болады. Кабинет мамандары балаларға түзету-дамыту жұмысын жүргізіп қана қоймайды, олардың ата-аналарына үнемі көмек беріп отырады. Оқу жылының басынан ата-аналар жиналыстары өткізіліп, сауалнамалар алынып, түрлі тақырыпта баяндамалар оқылады. Әр маман өз саласы бойын-

ша кеңестер беріп, түзету сабақтарына қатыстырып, жаттығу түрлерімен таныстырып отырады. Түрлі мерекелік шараларда балалардың өз өнерлерін ортаға салуы балалардың шығармашылық қабілетін ашып қоймай, сонымен қатар баламен бірге ата-ананың да сенімділігін нығайта түсті;

2. Мүмкіндігі шектеулі балалар жақсы әрі жан-жақты өмір сүруге құқылы. Сондықтан оларға бұл мүмкіндік қолдануға қол ұшын беруге міндеттіміз. Ерекше балаларды ортаға қосып, қалыпты өмір сүруге жалпылай көмек көрсету нәтижесінде үлкен жетістіктерге жетуге болады. Түзету кабинетіндегі арнайы білім беру қазіргі уақытта әлемдік мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеу, түзете дамыту жұмыстары жыл санап даму үстінде. Ең негізгі бағыттарын қарастырсақ, олар ерте жастан түзету, педагогикалық қолдау көрсету мен мүмкіндігі шектеулі балаларды қалыпты балалармен біріктіріп оқытуды ұйымдастыру, білім беру жүйесінің дамуын жалғастыру. Оның көрінісі арнайы білім ұйымдарын кеңейтіп, жаңа педагогикалық кемтар балаларға арналған көмектің кешенді ие болуы (медициналық, әлеуметтік, педагогикалық түзету арқылы қолдау).

Бүгінгі заман талабы арнайы педагог мамандарына әр түрлі мүмкіндігі шектеулі балалардың жүрегінен жол таба білетін, білім-біліктілігі жоғары, жаңашыл, іздемпаз ерен қасиет иесі болуды міндеттейді.

Мүмкіндігі шектеулі балаларға психологиялық қолдау көрсетудің маңызы

С. АЛТЫНБЕКОВА

Әр бала үшін білім алу өте маңызды. Ал мүмкіндігі шектеулі балалар үшін бұл кезең эмоциялық жағынан да, психологиялық жағынан да әлдеқайда қиын болады. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі ерекше білімді қажет ететін балаларға білім беруге ерекше ден қойды. Яғни, арнайы қажеттілігі бар балалар үшін мектептерде, мекемелерде жағдай

туғызып, оларды жалпы білім беру жүйесіне қосу. Әрбір бала мүмкіндігінше қажетті деңгейде білім алуы тиісті.

Арнайы білім беру туралы айтқанда тек мектепте мүмкіндігі шектеулі балаларға кедергісіз аймақ құру ғана емес, баланың психофизикалық мүмкіндіктерін ескере отырып құрылатын оқу-тәрбие процесінің ерекшелігін де ескерген жөн. Ал бұл процесті жүзеге асыру үшін мектепте баланы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі ұйымдастырулы қажет, сонымен қатар, баланың дамуына жағдай тудыратын балаға көмек қолын созуға дайын, кездескен мәселені дұрыс түсінуге негізделген педагогикалық және балалар ұжымында моральді-психологиялық климат орнату қажет болады.

Жалпы мектеп тек білім беру қызметін ғана атқармай, бала өмірінде тәрбие берудің де негізгі саласы болып табылуы тиіс. Мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік-тұрмыстық өмірге бейімдеуін толық қалыптастырып, қоғам өміріне толыққанды енуіне мүмкіндік беретін адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруымыз керек. Балаға аяушылық, мүсіркеушілік факторлары керек емес, ол балаларға адамгершілік, еңбексүйгіштік, өмірге құштарлық, қоршаған ортаны сүю, адамдарға өшпенділікпен емес, махаббатпен қарап, тіл табыса алуға үйретуіміз қажет. Басқа дені сау балалар қол жеткізе алатын мүмкіндік ол балалардың да қолынан келетінін баса түсіндіруіміз керек.

Мұндай жағдайда, мүмкіндігі шектеулі оқушыға да, оның анасына да психологтың қолдауы маңызды рөл атқарады. Даму мүмкіндігі шектеулі балаларға психологиялық қолдау көрсететін мамандар балаға білім беру және тәрбиелеуде баламен ғана жұмыс жасап қоймай, оның отбасының ауқымды әлеуметті мүмкіндіктерін іске асыру мақсатында ата-аналармен де жұмысты ұйымдастырады.

Педагогикалық-психологиялық қолдаудың нәтижесінде мүмкіндігі шектеулі балалар толыққанды жеке тұлға болып дамуын қамтамасыз етумен қатар, арнайы білім беру бағдарламаларын толық меңгеруге мүмкіндік беретін бейімдеу және түзету ортасын құрады. Сондай-ақ, баланың дамуындағы, оның ата-анасымен, мұғалімдермен, құрдастарымен қарым-қатынасындағы проблемалардың алдын алуда септігін тигізеді, әрі, осы орайда туындайтын мәселелер бойынша ата-аналарға кеңес береді.

Біздің міндетіміз – даму мүмкіндігі шектеулі балаларға, ата-аналарға, әлеуметтік мамандармен бірлесе отырып, түзеу жұ-

мыстарын ұйымдастыру. Ал, мүмкіндігі шектеулі кішкентай бүлдіршіндеріміз осы қоғамның мүшесі, әрі ертеңі. Сондықтан да олар еш уақытта әлеумет назарынан тыс қалмайды. Осылайша, мамандардың қолдауын қажет ететін балаларды үнемі жан-жақты қолдап отыру мақсатында жүргізіліп жатқан жүйелі түзету жұмыстар тізбегі тоқтамақ емес.

Главные условия воспитания детей в семье

О.А. СИЗОНЕНКО

Как надо воспитывать своего ребенка? Как правило, родители ждут конкретного ответа на этот вопрос: воспитывать строго или снисходительно? Наказывать или не наказывать? Воспитывать авторитетно или по-товарищески? Чувством или разумом? Эти и другие подобные вопросы, конечно, имеют право на существование, однако в настоящее время становится ясно, что вопросы эти не являются главными. Кроме того, с этими вопросами связано возникновение у родителей опасения, что воспитывать они не умеют, что что-то делают плохо, что-то уже неисправимо испортили, а сама эта неуверенность плохо отражается на воспитании детей.

Весь ход воспитательного процесса определяется характером жизни, сложившейся в семье еще до рождения ребёнка. Родители несут в свою семью мудрость общения, которая перешла к ним из глубины поколений, из их собственного детства. Воспитание в широком смысле этого слова – это не только умышленное воздействие на ребенка в моменты, когда мы его поучаем, делаем замечания, поощряем, браним или наказываем. Часто значительно больше действует на ребенка пример родителей, хотя те свое влияние могут и не осознавать. Несколько слов, которыми машинально перебросятся между собой родители, могут оставить в ребенке значительно больший след, чем долгие поучения, которые часто не вызывают в нем ничего, кроме отвращения; точно такое же действие может оказать и понимающая улыбка, брошенное мимоходом слово и т.п.

Следовательно, воспитательное воздействие семьи – это не

только ряд целенаправленных воспитательных моментов, оно состоит в чем-то более существенном.

Именно спокойная и радостная или напряженная, полная опасения и страха атмосфера больше всего действует на ребенка, на его рост и становление, накладывает глубокий отпечаток на все его последующее развитие.

Сегодня мы знаем, что характер этой семейной атмосферы определяется прежде всего тем, как члены семьи общаются друг с другом. Есть дружные семьи, в которых никто не остается в стороне, где нет тех, кто подавляет инициативу и активность других. В семье царит атмосфера эмоционального тепла, здесь делятся друг с другом мыслями и переживаниями. Здесь царит согласие, противоречия не скрывают, а пытаются их разрешить. Говорить в семье принято открыто: здесь что говорят, то и думают, ничто не скрывается, никому не надо изворачиваться и лгать. Каждый здесь говорит не только о своих собственных переживаниях, но умеет и выслушать другого. В таких семьях любят смех и юмор, нет злого колючего сарказма, не услышать огульного осуждения всего и всех. Родители здесь уважают и поддерживают друг друга – не очерняют друг друга в глазах ребенка, не подрывают авторитет. И что важно – в этих семьях принято правдиво рассказывать о своих переживаниях вне семьи. Семья, таким образом, превращается в мир, в котором отражается вся жизнь и где все трудности преодолеваются с помощью всех членов семьи.

Само собой разумеется, что семейный климат меняется; на нем отражаются трудности, с которыми люди встречаются, что здесь не все время стоят солнечные дни. Много меняется по мере того, как дети подрастают, а силы родителей убывают, они стареют. Как в природе, например, меняется погода, так меняется и семейная атмосфера – один день может быть ясным и солнечным, а другой – пасмурным, иногда может разразиться и гроза. И все-таки можно говорить о существовании определенного климата, характерного для той или иной семьи, он и составляет то главное, что в большей мере определяет эмоциональное, социальное и другие виды развития ребенка.

Разные позиции, с которых взрослые подходят к воспитанию своих детей, можно охарактеризовать следующим образом: прежде всего – это различная степень эмоционального участия, авторитетности и контроля за воспитанием детей, и, наконец, – это степень участия родителей в переживаниях детей.

Холодное, эмоционально нейтральное отношение к ребенку неблагоприятным образом отражается на его развитии, оно тормозит его, обедняет, ослабляет. В то же время эмоциональное тепло,

в котором ребенок нуждается так же, как и в пище, не следует выдавать в избыточном количестве, заваливая малыша массой эмоциональных впечатлений, привязывая его к родителям в такой мере, что он становится неспособным оторваться от семьи и начать жить самостоятельной жизнью. Воспитание не должно стать идолом разума, куда чувствам, эмоциям вход запрещен. Здесь важен комплексный подход.

Еще в начале прошлого века воспитание ребенка сводилось к тому, что малыш должен был научиться, прежде всего, слушаться родителей, слушаться беспрекословно, ему следовало слушаться точно так же своих учителей, мастера, начальника, беспрекословно соблюдать законы, действовавшие в его обществе. Этот дух абсолютного слепого послушания сейчас полностью или частично исчез из наших семей. Сегодня мы являемся свидетелями уважительного отношения родителей к своим детям, большей демократичности их взаимоотношений. Демократизация общественных отношений, естественно, способствовала и развитию демократизации внутри семьи.

Однако не следует забывать, что семья является особым общественным институтом, где между родителями и детьми не может быть такого равенства, как между взрослыми членами общества. И хотя мы считаем, что сегодня следует предоставлять ребенку больше свободы, чтобы он был более самостоятельным, мог действовать с большей ответственностью, все-таки не следует забывать, что жизненный опыт ребенка еще слишком ограничен. Поэтому он должен знать, что есть определенная область, где он волен действовать свободно, но есть и другая, где он должен подчиниться. В тех семьях, где отсутствует контроль за поведением ребенка и он не знает, что правильно, а что – нет, из этой неуверенности вытекает и его собственная нетвердость, а иногда даже и страх.

В социальном плане ребенок лучше всего развивается таким образом, что ставит себя на место того, кого он считает авторитетным, мудрым, сильным, нежным и, любящим. Ребенок отождествляет себя с родителями, имеющими эти ценные качества, старается подражать им. Лишь родители, пользующиеся авторитетом у своих детей, могут стать для них таким примером. Важно, правда, чтобы это был естественный авторитет, основанный на большом опыте, мудрости, силе и доброте, чтобы послушание ребенка было добровольным и сознательным. Для малыша, который большую часть времени проводит с матерью, она является естественным и необходимым авторитетом. Ребенок постарше уже понимает структуру семьи и способен понимать дополняю-

щие друг друга роли родителей. Итак, самое главное в семейных отношениях – отношения между супругами, их взаимодополняемые роли и их единая линия в воспитании ребенка, когда ни один из них не подрывает ни авторитета, ни любви другого.

Ребенок учится многое понимать, что ему ясно дают знать, что является правильным, а что – нет: он нуждается в поощрении, признании, похвале или иной форме одобрения в случае, если он поступает правильно, и в критике, несогласии и наказании в случае неправильных поступков. Дети, которых хвалят за хорошее поведение, но которых не наказывают при неправильных действиях, обычно учатся всему более медленно и с трудом. Такой подход к наказанию имеет свою обоснованность и является вполне резонной составной частью воспитательных мер.

При этом не следует забывать, что положительные эмоциональные переживания должны преобладать над отрицательными в процессе воспитания детей, поэтому ребенка следует чаще хвалить и поощрять, чем бранить и наказывать. Об этом родители часто забывают. Им иногда кажется, что они могут испортить ребенка, если лишний раз похвалят его за что-то хорошее; хорошие поступки они считают чем-то обычным и не видят того, с каким трудом дались они малышу.

Далее в вопросе о наказании не следует забывать о том, что оно должно следовать сразу же за проступком. Если ребенок не знает, за что его наказывают, то и наказание не имеет никакого смысла и даже может принести ребенку вред.

Естественно, наказание никогда не должно быть таким, чтобы оно нарушало контакты между ребенком и родителями. Физические наказания вызывают в детях чувство унижения, стыда и не способствуют развитию самодисциплины: дети, которых наказывают подобным образом, как правило, бывают послушными лишь под надзором взрослых, и ведут себя совсем по-другому, когда рядом с ними их нет.

Развитию сознательности скорее способствуют наказания «психологические»: если мы дадим ребенку понять, что не согласны с ним, что хотя бы на какой-то момент он не может рассчитывать на нашу симпатию, что мы на него сердимся и т.п. Чувство вины, пробужденное нами в ребенке, является сильным регулятором его поведения и тогда, когда ребенок остается без надзора взрослых. Необходимо помнить, что и чувство вины может быть слишком сильным, отчего начинает страдать любая активность ребенка. Каким бы ни было наказание, оно не должно вызывать в ребенке чувство, что он потерял родителей, что его личность унижена и отвергнута. Итак, можно сказать, что хотя наказание

и играет определенную роль в воспитании детей, к нему следует прибегать с большой осторожностью.

Семья с одним ребенком была раньше исключением, сегодня таких семей очень много. В некотором роде одного ребенка воспитывать легче, родители могут уделить ему больше времени и сил; ребенку также не приходится с кем-то делить любовь родителей, у него не возникает повода для ревности. Но, с другой стороны, положение единственного ребенка незавидное: ему не хватает важной жизненной школы, опыт которой лишь частично может восполнить его общение с другими детьми, но которую в полной мере нельзя заменить.

В семье, где имеется несколько детей, ситуация бывает обычно более сложной, чем в семьях с одним ребенком. Однако эта сложность взаимоотношений в больших семьях имеет очень важное значение для социального созревания детей, а при определенных обстоятельствах способствует росту чувства удовлетворенности у родителей, благоприятно влияет на развитие их личности. Вырастая вместе со своими братьями и сестрами, ребенок приобретает много ценного для жизни: он учится взаимопомощи в процессе общения с существами, такими же слабыми и зависимыми, как и он сам, он привыкает не только брать, но и давать, учится учить других – тех, кто меньше и слабее его, он познает выгоды сотрудничества по сравнению с постоянным соперничеством и ссорами, он пользуется не только словом «я», но знает и слово «мы», учится делиться не только игрушками, а и вниманием со стороны взрослых, которое, несмотря на их любовь, не принадлежит теперь ему одному. Школа большой семьи – это отличная школа, где дети учатся не быть эгоистами.

Проблемы, обычно, возникают там, где родители неразумно сравнивают детей друг с другом и говорят, что один из детей лучше, умнее, милее и т.п. Очень часто ссоры между братьями и сестрами родители пытаются решить так, что ответственность за них обычно сваливают на старшего ребенка, который, с их точки зрения, должен быть разумнее, который во всем, что бы ни случилось, бывает виноват. Если ребенка все время и не в его пользу сравнивают с его братом или сестрой, если вину постоянно сваливают на него, у него возникает чувство несправедливости, горечи, гнева против того, кто к нему так относится.

Невыгодное положение старшего и младшего ребенка в семье также несет с собой ряд проблем. Конечно, у старшего ребенка должно быть больше обязанностей, но взрослым не следует забывать похвалить его, признавать его авторитет, что укрепит в нем чувство собственной значимости.

Однако надо следить и за тем, чтобы обязанности, которые возлагаются на старших детей, были им под силу и не в ущерб занятиям другими интересными делами. Старшие дети, сравнивая себя со своими товарищами, часто таят обиду на своего младшего братишку или сестренку, которых им приходится «таскать за собой», а оставшись с ним наедине, они могут и обидеть их. Младшие дети в таком случае в отместку начинают реветь громче обычного, жаловаться по каждому пустяку.

Родители, которым приходится решать мелкие детские споры, должны вести себя дипломатично. Им следует обращать внимание детей и на то, что какие-то невыгодные стороны, связанные с существованием братьев и сестер, компенсируются многими выгодными моментами. Хуже всего, конечно, если споры между детьми перерастают в конфликт между родителями, которые начинают упрекать друг друга в неумении воспитывать, в слишком снисходительном отношении к ребенку, в результате внутри семьи возникают враждебные группировки. Обвинять человека в том, что он плохо что-то делает – это значит вызвать чувство горечи или резкую реакцию с его стороны, что обычно не приводит ни к чему хорошему. Родители, умеющие жить в мире и согласии, являются лучшей моделью хороших отношений между детьми. Итак, семейные отношения учат ребенка умению найти путь к сосуществованию с другими людьми в духе дружбы и сотрудничества.

Семья – это не только родители и дети. Большую или меньшую роль в ней часто играют бабушки и дедушки, а иногда и другие родственники. Независимо от того, живут они вместе с семьей или нет, их влияние на детей нельзя упускать из виду.

Прежде всего следует сказать о помощи, которую оказывают сегодня бабушки и дедушки в уходе за детьми. Они заботятся о них, пока родители на работе, ухаживают за ними во время болезней, сидят с ними, когда родители по вечерам уходят в кино, театр или в гости, тем самым в какой-то мере облегчая родителям их труд, помогая им снять напряжение и перегрузки. Бабушки и дедушки расширяют социальный кругозор ребенка, который благодаря им выходит из тесных семейных рамок и приобретает непосредственный опыт общения со старшими людьми.

Дедушки и бабушки всегда отличались способностью дать детям какую-то долю своего эмоционального богатства, чего не успевают иногда сделать родители ребенка или из-за недостатка времени, или из-за своей незрелости. Говорят, что между старыми людьми и детьми существует какая-то «мистическая связь»: сказка, которую рассказывает дедушка, намного интереснее, чем та же самая, рассказанная отцом. Дедушка и бабушка занимают

в жизни ребенка и потому такое важное место, что они ничего не требуют от него, не наказывают его и не бранят, но постоянно делятся с ним своим душевным богатством. Следовательно, роль их в воспитании малыша бесспорно важна и довольно значительна. Однако не всегда она положительна.

Нередко многие бабушки и дедушки портят детей излишней снисходительностью, чрезмерным вниманием, тем, что исполняют каждое желание ребенка, задаривают его подарками и чуть ли не покупают его любовь, перетягивая на свою сторону. В отношениях бабушек и дедушек со своими внуками есть и другие «подводные рифы». Дело в том, что они подрывают авторитет родителей, когда разрешают ребенку делать то, что они запретили. Случается, что бабушки берут на себя роль матери, заслоня собой настоящую мать ребенка. Иногда бабушки и дедушки требуют, чтобы все с ними делилось, хотят быть в курсе всех семейных дел, все решать сами, во все вмешиваются и т.п. Главная трудность здесь в том, что они оказывают иногда решающее воздействие на ребенка, однако ответственности за него уже не несут, и когда в воспитании что-то идет не так, они обвиняют в этом родителей.

Трудности, связанные с влиянием на детей бабушек и дедушек, конечно, в каждой семье бывают разными, многое зависит от близости отношений (совместное или отдельное проживание), от периода жизни семьи (самым серьезным является период начального приспособления), от того, чьи это родители (матери или отца), от социальной зрелости семьи и от многих других обстоятельств. Для молодых и старых сегодня, идеальной представляется модель «близкие отношения на известном расстоянии»: молодая семья живет отдельно, но ходит в гости и пользуется услугами старых родителей, в свою очередь, молодые помогают старикам пережить болезни и одиночество.

Однако в любом случае совместное сосуществование поколений является школой личной зрелости, иногда суровой и трагической, а иногда – приносящей радость, обогащающей взаимоотношения людей. Больше, где бы то ни было, люди здесь учатся взаимопониманию, взаимной терпимости, уважению и любви. И та семья, которой удалось преодолеть все трудности отношений со старшим поколением, дает детям много ценного для их общественного, эмоционального, нравственного и психического развития.

Современная семья во многом отличается от семьи прошлого. Много сегодня говорится о ее шаткости, ранимости, кризисном положении. Слишком часто сегодняшние семьи распадаются, а среди тех, которые все-таки сохраняются, многие переживают

внутренние конфликты. Конечно, влияние семейных коллизий, распада семей на ребенка может быть очень сильным, особенно в том случае, если родители не смогут уберечь ребенка от ссор и взаимных обид. Но, несмотря на потери и кризисные ситуации, которые приходится переживать и преодолевать семье, приспособляясь к новым общественным условиям, значение ее не исчезает, а скорее даже возрастает. Нет никаких сомнений в том, что семья, как правило, является лучшей средой для воспитания детей, а часто и прочным эмоциональным «убежищем» для взрослых.

Учить ребенка с малых лет самостоятельному, творческому мышлению, помогающему находить новые решения в новых ситуациях, учить его критически относиться к чужим взглядам и мнениям, быть терпимым к мнению других, но принципиальным и требовательным к себе самому. Воспитание ребенка сегодня должно стать чем-то большим, чем простой передачей готовых знаний, умений, навыков и стиля поведения. Подлинное воспитание сегодня – это постоянный диалог воспитателя с ребенком, в процессе которого ребенок все в большей мере осваивает способность к принятию самостоятельных решений, что поможет ему стать полноправным членом общества, наполнит его жизнь смыслом.

Источник: М. Швейцар «Воспитание ребенка»

Психотравмирующая ситуация – рекомендации выхода из неё

**Т.Д. ДРОБА,
А.К. КУТУБАЕВА**

Кризис личности может наступить в жизни каждого человека. Жизнь – это злая шутка: когда у тебя на руках все карты, она вдруг предлагает сыграть в шашки. Это выражение, наверняка, слышали многие пользователи социальных сетей. И с ним нельзя не согласиться. Порой жизненные неурядицы, недопонимание с окружающими и проблемы в личных отношениях выбивают из колеи. Но иногда ситуация усугубляется.

Человек теряет смысл жизни, сталкивается с депрессией и страдает от бессонницы. Так развивается кризис.

В жизни каждого человека бывают кризисы. Кризис – это нарушение стабильного психического равновесия, он наступает тогда, когда обычные выходы из этого состояния не помогают, и человек вынужден искать новый способ справиться с ситуацией или адаптироваться к ней.

Кризис – это следствие сильного эмоционального потрясения, он меняет мысли и поведение, что может или ухудшить психологические показатели человека, или, напротив, позволить ему выйти на более высокий уровень развития.

Если говорить простыми словами, то кризисное состояние – это такой период, при котором разрушены старые жизненные основы, а новые еще не найдены. Именно поэтому очень важно оказать человеку, переживающему кризис, квалифицированную помощь.

Люди переживают кризисы по-разному. Кризисы могут быть связаны с фазами развития, жизненными событиями и они влияют на каждого индивидуально. Моменты развития не обязательно для всех несут с собой кризис, но многие люди реагируют на это несколько эмоциональнее и нуждаются в большем количестве времени и ресурсов, чтобы с этим справиться. Понятие «Кризис» (от греч. *krisis* – решение, поворотный пункт, исход) – переломный момент, тяжелое переходное состояние, обострение, опасное неустойчивое состояние. Кризис – это ситуация эмоционального и умственного стресса, требующая значительного изменения представлений о мире и о себе за короткий промежуток времени. Зачастую подобный пересмотр представлений влечет за собой изменения в структуре личности. Эти изменения могут носить как позитивный, так и негативный характер. По определению, личность, находящаяся в кризисе, не может оставаться прежней; иными словами, ей не удастся осмыслить свой актуальный психотравмирующий опыт, оперируя знакомыми, шаблонными категориями или использовать простые привычные модели приспособления (Гордон В. Олпорт). Кризисное состояние – это психологическое состояние, возникающее в ответ на субъективно значимую для человека психотравмирующую ситуацию, которая уже произошла, происходит или существует угроза ее возникновения.

Кризисное психическое состояние можно определить по следующим признакам (поведению человека):

1. Физиологические: частые проблемы со сном, потеря аппети-

та, апатия. Появление зависимостей. Например, злоупотребление алкогольными напитками;

2. Когнитивные: снижение умственной работоспособности. Ухудшение памяти. Трудности с выражением собственных мыслей или осмыслением чужой речи. Ухудшение концентрации внимания. Нарушается восприятие времени. О наличии расстройства когнитивной сферы свидетельствуют следующие симптомы: сложности в выполнении обычных счетных операций, трудности с повторением только что полученных сведений, нарушение ориентации в малознакомой местности, трудности в запоминании новых в окружении людей и их имен, очевидные сложности в подборе слов при обычном разговоре;

3. Эмоциональные: угнетенное или подавленное настроение и социальная дезадаптация (невозможность адекватно взаимодействовать с окружающими. Эмоциональная отстраненность от мира. Состояние одиночества. Отчуждение). Пессимистическое отношение к будущему, потеря смысла жизни. Ощущение безысходности, безнадежности, отчаяния. Потеря чувства безопасности. Постоянная и беспричинная тревожность, плач. Постоянный дискомфорт от всего происходящего вокруг. Жалость к себе. Постоянное обращение к прошлому и воспоминаниям о том времени, когда было хорошо и замечательно. Появление комплекса неполноценности («меня не ценят»). Постоянное сравнение себя с друзьями и знакомыми, которые добились успеха. Чувство вины за некое поведение/поступок доходящее до угрызания совести, самобичевания. Аутоагрессивное настроение (наличие деструктивных копингстратегий, желание прекратить переживания и страдания, размышления о суициде);

4. Поведенческие: Нежелание самореализовываться (резкое снижение желания проявлять себя в социуме и творчески самовыражаться. Утрата интереса к любым занятиям. Потеря удовлетворенности от того, что радовало ранее. Скука, апатия). Резкие изменения во внешности и поведении. Регулярное возбужденное или агрессивное состояние. Необычный шопинг (дорогие спонтанные приобретения и «статусные» покупки). Желание все бросить и уехать на край света. Изменения в поведении являются основными маркерами кризисных обстоятельств, дают знать о негативном состоянии человека. Они позволяют своевременно распознать

надвигающуюся катастрофу по заметным переменам в обычной манере поведения.

Рекомендации как поддержать человека во время кризиса:

- выслушивать. Оценить глубину эмоционального кризиса, характер переживания трудностей.

- находиться рядом. Дать знать, что у человека есть время для других сейчас и в дальнейшем. Постараться определить, насколько серьезна угроза безопасности.

- говорить искренне (люди в большинстве случаев, чувствуют даже малейшую фальшь).

- поддерживать надежду. Сохранять спокойствие и не осуждать человека, независимо от того, что он говорит. При необходимости помогите в поиске профессиональной помощи.

Рекомендации как помочь себе в кризисном состоянии:

- работа или учеба (несмотря и вопреки);

- природа – свежий воздух, всяческое движение, а особенно – быстрая ходьба;

- очищение тела посредством воздержания от еды, перемены питания;

- искусство – литература, живопись, поэзия, музыка;

- любовь (вопреки отсутствию, несмотря на мнимую бесчувственность);

- знание (в первую очередь путем чтения, в том числе и о том, что такое депрессия);

- вера в справедливость судьбы и в то, например, что и депрессия зачем-то нужна и дается человеку для некоего вразумления, а потому не может, по высшему счету, оцениваться только как зло. Словом, как и боль, депрессия – великая природная спасительница;

- бег – противоядие против тревоги, депрессивного состояния;

- каллиграфия, рисование – один из наиболее эффективных способов лечения нервных болезней. Человек, который занят каллиграфическим письмом или рисованием, настолько втягивается в этот процесс, что расслабляется, пульс его выравнивается, и пишущий (рисующий) абсолютно успокаивается.

Из кризиса личности, как и в любой ситуации, есть два выхода. Первый – жаловаться на жизнь, ничего не предпринимать и все глубже погружаться в себя. Второй – осознать проблему, опреде-

лить причину и составить план действий. Выбор зависит от каждого. Если он действительно хочет выбраться из кризиса и изменить свою жизнь, то отдаст предпочтение второму варианту. Он, конечно, требует времени и сил. Но результат того стоит. Жизнь снова станет красочной, а будущее радужным.

Мұғалімдерге арналған психологиялық тренинг

А. КӨЛТАЕВА

Мақсаты: Мұғалімдер арасындағы қарым-қатынасты нығайту, жағымсыз көңіл-күйден арылу, күш-қуат жинау, өзін еркін сезінуге көмектесу. Ұжым арасындағы байланысты нығайта отырып, эмоцианолды жігер беру, бірі-бірі кеңірек танып білуге, көңіл күйлерін көтеру.

Қажетті құрал-жабдықтар: қағаз, түрлі-түсті қарындаштар, бояулар, стикер қағаз, музыкалық әуен.

Ұйымдастыру кезеңі:

Тренер сөзі: Сәлеметсіздерме, құрметті ұстаздар! Бүгін сіздерді психологиялық көңіл-күйлеріңізді көтеру өз бойларыңыздағы шығармашылық қабілеттеріңізді бағалай білуге өз-өзіңізге құрметпен қарауға, бір-біріміздібен сыйластық қарым-қатынаста болуға жиналып отырмыз.

Ұйымдастыру кезеңі:

Тренер сөзі: Сәлеметсіздерме, құрметті ұстаздар! Бүгін сіздерді психологиялық көңіл-күйлеріңізді көтеру өз бойларыңыздағы шығармашылық қабілеттеріңізді бағалай білуге өз-өзіңізге құрметпен қарауға, бір-бірімізбен сыйластық қарым-қатынаста болуға жиналып отырмыз.

Жұмыс жасау ережесі: Сіздерден өтінетінім жұмыс барысында шынайы болуларыңыз керек. Сіздердің көңілдеріңіз, сезімдеріңіз қаншалықты шынайы болса біздің жұмысымыз соншалықты нәтижелі болады. Топ ішінде өтірік айтуға болмайды, егер де шын талдауға дайын болмасаңыздар, онда еш нәрсе айтпаңыздар. Не айтсақ та осы топ ішінде қалу керек. Ол біздің жұмысымыздың этикалық негізінің бірі. Бір мұғалімнің мәселесін тренингке қатыспаған адамға айтып талдамаймыз. Онын барлығын тренинг барысында орындаймыз. Тренингке қатысушы әр адам тек өз атынан

ғана сөйлейді. Мысалы «барлығы солай ойлайды» деген болмайды. Оның орнына «мен солай ойлаймын», «маған солай көрінеді», т.б. Бір-бірімізді сынамаймыз, өйткені осы өмірде бізді жеткілікті сынайды, бағалайды. Топ ішінде бір-бірімізді түсінуге тырысамыз.

1-жаттығу. Амандасу

5 Тілек

Қатысушылар шеңбер құрып отырады. Нұсқаулық: Барлығымыз орнымыздан тұрып бір-бірімізбен әр саусағымызды біріктіріп, бір-біріне тілек айту арқылы амандасады.

2-жаттығу:

Допты бір-біріне лақтыра отырып атын айтып, әріптестеріне жағымды сөздер айту. Өзін-өзі тепе-тең ұстайтын адамдар өзін қалай ұстайды.

3-жаттығу:

Өзімізге деген қатынасымызды анықтау үшін мына жаттығуды орындайық. Сізге 5 минут беріледі, сол уақыт ішінде сіз өзіңіздің бойыңыздағы құндылықтарыңызды тізіп жазыңыз. Қайысыңызда қанша болады?

4-жаттығу:

Өзіңіздің автопортретіңізді салыңыз. Сурет көрмесін талқылайық. Мына суреттен адам мінезінің қандай белгісін тануға болады? (Талқылауға 10-минут)

5-жаттығу:

Әріптесіңізге достық пейілмен әзіл сурет салыңыз бірігіп басшыңызға достық әзіл суретін салыңыз. Өзіңізді таныстыруға бағытталған әдісіңіз болса онымен бөлісіңіз.

Қорытынды: Сабақ соңында психолог барлығына орындарынан тұрып, шеңберге тұруын ұсынады. Әрбір қатысушы жеміс-жидектен дәм татып отырып, тілектерін айтады барлық қатысушылар бір сөзбен қандай да бір жақсы тілек айтуы керек. Соңында психолог барлығына сәттілік пен жақсы көңіл-күй тілейді.

Әлемнің жеті кереметі

А. АБИКЕНОВА

Мақсаты: оқушыларға әлемнің жеті кереметінің маңыздылығы мен құндылығын түсіндіру.

Әдіс: топтық жұмыс.

Көрнекілігі: слайд, суреттер.

Барысы:

Тренинг ережесі:

1. Бір-бірлеріңізді тыңдай білу;

2. Өз ойымызды ашық айту;

3. Белсенділік таныту.

- Сәлеметсіздер ме, оқушылар! Бүгінгі «Әлемнің жеті кереметі» атты тәрбие сағатымызға қош келдіңіздер.

Психологиялық ахуал:

- Қайырлы күн, көздерім! Ояныңдар ма? (Қабақтарын сипайды)

- Қайырлы күн, құлақтарым! Ояныңдар ма? (Құлақтарын сипайды)

- Қайырлы күн, қолдарым! Ояныңдар ма? (Қолдарымен шапалақтайды)

- Қайырлы күн, аяқтарым! Ояныңдар ма? (Аяқпен жерді тебу)

- Қайырлы күн, мұғалім! Мен ояндым! (Күлімсіреп, мұғалімге қолдарын созады)

Адамзат тарихында әлем кереметтерінің саны жетеу ғана. Неге жетеу? Кездейсоқ алынды ма бұл сан? Бұл сұрақтарға жауап беру үшін өткенді еске алған артық емес. Кереметтер туралы қысқаша айтып кетейік. «Жеті» деген санды қадірлеу көне заманнан басталады, қасиетті сан болып есептеледі.

Жеті жарғы, Жеті ғаламшар, Жеті күн аптада, Жеті қазына, Жеті жұт, Жеті ата.

Кереметтерді жасау не үшін қажет болды? Ерте замандарда ұлы адамдар өздерінің шексіз биліктерін және мықты ықпалын көзге көрінерліктей дәлелдеу мақсатында айбынды ғимараттар мен мүсіндер жасатты. Бұл кереметтерді жасаушы шеберлердің өнеріне таңғалмау мүмкін емес еді, олар жергілікті тұрғындардың мақтаныш сезімдерін тудырды. Бұл кереметтердің көпшілігі діни наным-сенімдерден туындады, барлық жеті керемет те саяхатшыларды өте қызықтырды.

Ой қозғау. Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы туралы не білеміз?

Міне, бүгін біз сіздерге әлемнің жеті кереметі туралы қысқаша айтып кеттік.



- **«Египет пирамидалары»;**

- **«Тадж-Махал»;**

- **«Үлкен Каньон»;**

- **«Ұлы Қытай қорғаны»;**

- **«Рим колизейі»;**

- **«Петра»;**

- **«Мачу-Пикчу».**

1. **Мысыр** жерінде орналасқан ежелгі пирамидалар кешені.

Осынау зор тас құрылыстар Ежелгі Египет перғауындарының сағанасы болып саналады. Сағаналар осыдан 5-мың жыл бұрын салынған.

Ең үлкен пирамида Хеопс перғауынның әмірімен тұрғызылған. Оның биіктігі – 147 м.

Ежелгі грек тарихшысы Геродоттың жазбасында пирамиданы 100 мың адам 20 жыл бойы салғандығы айтылады.

2. **Тадж-Махал.** Әлемнің дәстүрлі жеті кереметінің қатарында Галикарнастағы кесене бар. Жаңа кереметтердің қатарында да кесене бар. Ол – Үндістанның Агра қаласында орналасқан Тадж-Махал. Бұл кесенені XVII ғасырдың ортасында Шах-Джахан сүйікті жары Мумтаз-Махалдың құрметіне салған. Мумтаз-Махал 14-баласын дүниеге алып келген кезде өмірден өтеді. Айналасы субұрқақтарға толы саябағы бар, ақ мәрмәр тастардан қашалған ғимарат жыл сайын 5 миллионға жуық саяхатшы қабылдайды. Үндістан астанасы Дели қаласынан автобус немесе пойыз арқылы Агра қаласына барып, Тадж-Махалды көруге болады.

3. **Үлкен Каньон** – АҚШ-тың Колорадо үстіртіндегі Колорадо өзенінің аңғары. Дүние жүзіндегі ең терең өзен аңғарларының бірі. Әктас, құмтас және тақтатастан тұрады. Ұзындығы 446 км, тереңдігі 1600 м, ені үстірт үсті бойында 8-25 км, түбіне қарай 1 км-дей (жеке бөліктерінде 120 м) болады. Каньон шегінде Колорадо өзен ағысының жылдамдығы 25 км/с. Жер бедерінің өзіндік пішіндері кездеседі («мұнара», «қамал», т.б.), тау жыныстары жалаңаштанған. Үлкен Каньонда Гранд-Каньон ұлттық саябағы құрылған.

4. **Ұлы Қытай қорғаны.** Әлемнің ең ұзын қорғаны Қытайда орналасқан. Ұлы Қытай қорғанының ұзындығы 8850 километрден

асады. Бұл Жер радиусынан да ұзын. Қорған құрылысы б.з.д. III ғасырда салына бастады, екі мың жыл бойы қытай халқы қорған құрылысын жалғастырып, оны одан әрі ұзартты. Қытай қорғанының кей жерлері эрозияға ұшырап, қираған. Саяхатшылар арасында ең танымал жері Бадалин Мао Цзе Дун заманында күрделі жөндеуден өткен. Бадалин Бейджин (Пекин) қаласынан 75 километрден қашықтықта орналасқан. Қорғанға Қытай астанасынан темір жол және автобус арқылы қатынауға болады.

5. **Колизей.** Б.з.д I ғасырда салынған Рим қаласындағы Колизей әлемдегі ең үлкен амфитеатр болып саналады. 50 мыңнан астам көрерменге жоспарланған Колизейде бірнеше ғасыр бойы гладиаторлық айқастары мен Рим тұрғындарына арналған мерекелік іс-шаралар қойылған. Қазіргі кино құрылымындағы сюжет бойынша Колизейде өткізілетін гладиаторлық айқастар көлемі жағынан екінші орын алатын Тунистегі амфитеатрда түсіріледі. Колизей жақсы сақталмағандықтан, түсірілімге жарамайды. Рим қаласында болған саяхатшылардың барлығы Колизейге соқпай кетпейді. Колизей тек Рим қаласының нышаны ғана емес, күллі Италия елінің көрікті жеріне айналды. Колизей – Еуропада орналасқан жалғыз әлемнің жаңа кереметі.

6. **Петра** – биік тас үйінді жартаста орналасқан Иордания қаласы. Әр кезеңде қала әр түрлі шапқыншыларға тиесілі болды. Б.з.д идумей, набатей, бертін келе орта ғасырда Рим, Византия, Араб шапқыншылары жаулап алды. Әр тарихи оқиға қала сәулет өнеріне өзіндік жаңа айшықтарын әкелді. Қала шөлді даланы кезіп жүрген керуен сарай жолаушыларына арналған демалыс орны болатын. Тар каньонда керуеншілер шөлдерін қандырып, ұзақ сапарға аттанғандар өздеріне молынан су толтырып алатын. Жартастағы ойылған үйлер мен ғибадатханалар суық күндері пана болатын.

7. **Мачу-Пикчу.** Көне әлемдегі жеті керемет Еуропа мен Азия құрлықтарында орналасса, жаңа кереметтердің географиясы кеңейіп, тізімге Америка да қосылды. Оңтүстік Америкадағы асқар тау баурайында Мачу-Пикчу қаласы орналасқан. Теңіз дейгейінен 2,5 километр биіктікте орналасқан бұл қала 400 жылға жуық өмір сүрді. Белгісіз себептермен 1532 жылы инктер қаладан жырақ кеткен. Ал испан конкистадорлары биікте орналасқан қалаға шыға алмады.

- Ал, енді Қазақстанның жеті кереметі деп нені айта аласыздар? Сіздерге тапсырма осы суреттердің ішінен Қазақстанның жеті кереметіне не жатады соны тауып беріңіздер.

1. Таңбалы тас суреттері;

2. Алтын адам;

3. Қазақтың киіз үйі;

4. Домбыра;

5. Қожа Ахмет Йассауи кесенесі;

6. Маңғыстаудағы Бекет ата жер асты мешіті;

7. Астана-Бәйтерек Таңбалы тас суреттері.

Қазақстанның жеті кереметі туралы қысқаша айтып кеттік.

1. Таңбалы тас суреттері

Қола дәуірінің тасқа салынған суреттері көрген адамды таң қалдырады. Ертедегі адамдар күнге күйген жылтыр тау жартастарына жануарларды, адамдарды, арбаларды, соғыс көріністерін қашап салды.

2. «Алтын адам» – 1970 жылдарының басында Есік қорғанында – сақтар тайпасының жас көсемінің зираты табылды. Дәлірек айтқанда: Алматы облысы Есік қаласының солтүстігіндегі Есік өзенінің сол жақ жағалауындағы темір дәуірінен сақталған сақ обасынан табылған алтын киімді сақ жауынгерінің мүрдесі. 1969-1970 жылдары археолог К.А. Ақышев тапқан.

3. Киіз үй – көптеген ғасырлар бойы Еуразияның ұшы-қиырсыз жазирасын басқарған ежелгі халықтың көшпенді тұрмысы мен өмір салтына мейлінше қолайлы болған баспана түрі.

4. Домбыра – көшпелі елдің көнекөз шежіресі, көпті көрген қарияның көкірек күйі. Ол халықтың тарихи тағдырымен тамырлас. Тарихтың хатқа түспеген талай беттерін паш етіп, халқымыздың тарихнамасына айналады.

5. Қожа Ахмет Йассауи кешені – порталды-күмбезді құрылыс. Оның көлемі 46,5х65,5 метр. Орталық залдың айналасына әр түрлі мақсатқа пайдаланылған үлкенді-кішілі 35 бөлме орналасқан.

6. Бекет Ата жер асты мешіті – Оңтүстік Үстірттің Маңғыстау ойысына тірелген тұмсығының үзіліп қалған Оғыланды шоқысына қашалған тарихи-сәулет ескерткіші.

7. «Бәйтерек» монументі Есіл өзенінің жағасындағы Қазақстанның астанасы Астана қаласында орналасқан. Монументтегі

барлық дүние – төбесіндегі алтын күн, 97 метрлік биіктігі және аспан әлемінің үш негізін кейіптейтін үш аймаққа бөлінген ішкі архитектурасы белгілі бір символды білдіреді.

- Оқушылар, біз бүгін Әлемнің, Қазақстанның жеті кереметімен таныстық, ал енді сіздердің ойынша, адам бойында да жеті керемет бар. Ол қандай жеті керемет деп ойлайсыздар?

1. Көру;
2. Есту;
3. Түйсіну;
4. Дәмін сезу;
5. Сезіну;
6. Күлу;
7. Сүйу.

«Поезд» жаттығуы.

Ойын ортада жүргізіледі. Ең алдымен 1-2-ге санап шығуымыз керек. 1-нөмірдегілер қолдарын 1 рет соғып, аяқтарымен еденді 2 рет тарсылдатады, ал 2-нөмірдегілер 2 рет қолдарын соғып, 1 рет аяқтарын еденге тарсылдатады.

Қозғалыс, қимылдар осылай қайталана береді, яғни поездің жүру дыбысы естіледі.

- Міне, бүгін балалар біз сіздерге Әлемнің, Қазақстанның, адамның жеті кереметі туралы айтып кеттік.

Өз ойларыңызбен бөлісіңіздер.

- Жарайсыңдар, балалар! Осымен біздің тәрбие сағатымыз аяқталды назарларыңызға рахмет!

Жас мамандарға арналған психологиялық тренинг

Ж. ДҮЙСЕНОВА

Мақсаты: жас мамандарға көмек көрсету және ұжымда психологиялық ахуал қалыптастыру, кәсіби құлшынысын арттыру, жігерлендіріп көңіл-күйін көтеру.

Қатысушылар: жас мамандар.

I. Сәлемдесу. Психолог сөзі.

II. Психогеометриялық тест.

Мақсаты: адамның тұлғалық типін анықтауға мүмкіндік береді.

Суретте бейнеленген 5 фигураға қараңыз: квадрат, үшбұрыш, тік төртбұрыш, шеңбер, ирек.

Осылардың ішінен сізді «бұл – Мен!» дегізетіндей біреуін таңдаңыз. Сонымен сіз таңдаған фигураңыз-сіздің негізгі үстемдік ететін мінез-құлқыңыздағы ерекшеліктерді анықтауға мүмкіндік береді.

Психогеометриялық тест әдістемесі арқылы жасалған диагностиканың дәлдігі – 85%!

Нұсқау:



Суретте бейнеленген 5 фигураға қараңыз: квадрат, үшбұрыш, тік төртбұрыш, шеңбер, ирек. Осылардың ішінен сізді «бұл – Мен!» дегізетіндей біреуін таңдаңыз. Өзіңіздің формаңызды сезініңіз. Таңдау қиын болса, сізге бірінші болып «қараған», көзіңізге бірінші іліккен форманы алыңыз. Оны №1 деп белгілеп жазып алыңыз. Одан кейін қалған фигураларды қалауыңызша нөмірлік ретімен жазыңыз.

Квадрат. Қайраткер, еңбекшіл форма. Оның өмір сүру ортасы өзіндік «Меніне» үйлесімді. Жағымды жақтары – ұйымшыл, дәл, қатаң тәртіпті, ережені ұстану, аналитикалық ойлау қабілеті, ұсақ заттарға зейінділік, фактіге жүгіну, жазба сөйлеуге құштарлық, ұқыптылық, тазалық, сақтық, салқынқандылық, үнемшілдік, тұрақтылық, талапшыл, шешімінен қайтпау, шыдамдылық, еңбекқорлық, кәсіби эрудиция;

Жағымсыз жақтары: тақуа, өте ұсақшыл, өте сақ, «ақылгөй», ерегеспе, консерватор, (жаңалыққа қарсылық көрсетуші), шешімді қабылдауды созу, сараңдау, саясаткерлігі төмен, таныстары мен достары аз адам.

Үшбұрыш. Бұл лидерліктің символы, мақсатына бағытталу, дегеніне жету.

Жағымды жағы: лидер, билікке ұмтылыс, қайткен күнде жеңіске жету, проблеманың өзегіне үңілу, өзіне деген сенімділік, шешімге

тез келе алу, сезімталдық, батылдық, өте белсенділік, тәуекелшілдік, жоғары еңбекқорлық, көңіл көтерудегі еркіндік, күшті саясатшы, тапқырлық, қарым-қатынаста көпшіл;

Жағымсыз жақтары: ең сенімді достары мен жақындары аз, қызбалық, атақ-даңққа бағыттылық, шыдамсыздық, өзінің мақсатына жеткенше басқаға көңіл аудармау, өз дегенінен қайтпау, қу, айлакер, өз дегеніне жетуде неге де бара алады, өзімшіл, мәртебе, мансапқа бағытталған, ұстамсыз, шыдамсыз.

Тіктөртбұрыш. Өтпелі қалыптың символы. Өзгеру, басқа деңгейге өну, уақытша жағдай. Өзін-өзі түсіне бермеу, проблемадан қорқу...

Жағымды жағы: білуге құштарлық, барлық жаңаға жаны құмар, батыл, бейбітшіл, дау-дамайдан қашқақтайды;

Жағымсыз жағы: өзін төмен бағалау, өзгермелілік, тұрақсыздық, пікірін жиі өзгерткіштік, қозғыштық, өзіне сенбеу, аңқаулық, сенгіштік, қызбалық, көңіл-күйінің тез де жиі алмасуы, ұмытшақтық, заттарын жоғалтуға бейімділігі, ұқыпты емес, тиянақсыз, жаңа достар, өзгенің мінез-құлқына, қылығына еліктеу («рөлдерді өзіне өлшеу»), тез салқын тиіп ауырғыш, жарақаттанғыш, жол апатына түскіш. Төртбұрыштылық – бар болғаны стадия, өтпелі кезең екенін ескер!

Шеңбер: Мифологиялық тұрғыдан үйлесімділік (гармония) символы.

Құнды қасиеттері: адамдар, олардың жайы, жақсы қарым-қатынас орнату, қарым-қатынасты қажетсінуі өте жоғары, «желім» – отбасын, ұжымды біріктіргіш, ашық, өзгелерге қамқоршы, қолы ашық, өзгені түсіну, жақсы интуиция, байсалдылық, сенгіштік, өзгелерді иландыра алу, әділетсіздікке қарсы тұруда батылдық танытады, қоғамдық жұмысқа бейімділік, күнтізбегін еркін құрады, таныстары мен достары көп. Шеңбер – жақсы психолог!

Жағымсыз жағы: көбіне өзін кінәлі сезінушілік, меланхолияға берілгіштік, айналадағылардың пікіріне бағытталу, шешімге келе алмаушылық, саясаткерлігі төмен, көпсөзділік, әсерленгіш, сезімтал.

Ирек: Креативтілік, шығармашылық символы. Өзі де басқа фигуралар секілді жабық емес, ерекше формада.

Жағымды жағы: «оң жартышарлы» – ойшыл, өзгеден ерекше, айрықша ойлау, шешім қабылдау, ортаның сүйіктісі, тапқыр, өз-

герістерді қажетсінуі, креативтілік, білімқұмарлық, жоғары интуиция, өзінің идеяларымен қанаттануы, арманшыл, болашаққа бағытталу, жаңалықтың барлығына деген оң көзқарас, қиялшыл, энтузиазм, еркіндік;

Жағымсызжағы: өмірге аз бейімділік, импульсивтілік, көңіл-күйінің өзгермелілігі, мінезінің құбылмалылығы, ұстамсыздығы, экспрессивті (шындықты көзге айта салу), дара жұмыс істеуді ұнатуы, қағазбастылықты ұнатпауы, айналысып жүрген ісі жаңа болудан қалса, аяғына дейін жеткізбей тастай салады, қаржы жағынан салақтық.

III. Сұрақ менен, жауап сізден.

1. Ата-аналар жиналысында сіз бір ата-анаға баласы туралы нашар пікір айттыңыз. Ата-ана баласын жақтап, мұғалімді кінәлады. «Білім, тәрбие бере алмайсыңдар», - деп ашуланды. Барлық ата-ана сізге қарап отыр. Қандай жауап қайтарасыз, қандай әдіс-тәсілдер қолданасыз?

2. Оқушылар мұғалім орындығына бор жағып қойған. Сіз байқамай отырдыңыз да киіміңізді былғап алдыңыз. Қандай амал қолданасыз?

3. Оқушы сіздің сабағыңыздан үнемі қашып кетеді. Жетекшінің, мектеп директорының ескертуінен еш нәтиже шықпады. Мектеп әкімшілігі оқушыны қызықтыра алмадың деп сізді кінәлады. Басқа оқушылар сіздің сабағыңызды ұнатады. Әлгі оқушымен қандай жұмыс атқарасыз және қандай шара қолданасыз?

4. Сіз үйге тапсырма бердіңіз. Оқушы үй тапсырмасын реферат түрінде, оқулықтан тыс материалмен, ғылыми деректермен дәлелдеп жазып келген, сіз ол деректер жайында білмейсіз, оқушы жұмысын қалай бағалайсыз? Білмейтініңізді білдірмей қалу керек пе?

5. Сабақ үстінде балалар бір келеңсіз іс істеді. Сіз оқушыны кінәлі деп тауып, оған ұрыса бастадыңыз. Қатты-қатты сөз айттыңыз. Бір уақытта басқа бір оқушы ол істі өзінің істегенін мойындады. Ал сіз ашуыңызды бірінші оқушыға көрсеттіңіз. Не істейсіз? Бірінші оқушыдан кешірім сұрайсыз ба? Екінші оқушыға ұрыса бастайсыз ба?

IV. Психодиагностика. Сіз қандай мұғалімсіз?

1. *Мұғалімдік қызметке қалай келдіңіз?*

а) жүрек қалауымен; ә) кездейсоқ; б) лажым жоқтықтан.

2. *Сіз үшін мұғалімнің жұмысы:*

а) керемет жұмыс; ә) күнкөріс үшін; б) бас қатыру.

3. *Оқушылардың сіздің біліміңізге көзқарасы:*

а) өте сауатты деп есептейді; ә) қанағаттанарлық; б) олардың көзқарасында жұмысым жоқ.

4. *Оқушылар арасында жарыс болатын болса:*

а) міндетті түрде менен көмек сұрайды; ә) кейде; б) маңыма мүлде жоламайды.

5. *Сіздің сабақ өту тәсіліңіз қандай?*

а) оқулықтан тыс қызықты материалды жиі пайдаланамын; ә) сирек қолданамын; б) оқулықпен шектелмін.

6. *Сіздің қатеңізді озат оқушыңыз тапты:*

а) қатені мойындап, кешірім өтінемін; ә) үндемей құтыламын; б) өзімдікі дұрыс деп, жеңістік бермеймін.

7. *Сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыруда*

а) оқушылар арасында жиі-жиі жарыстар ұйымдастырамын;

ә) басшылар ескерткенде ғана; б) бас ауыртқым келмейді.

8. *Оқушыға қол жұмсайсыз ба?*

а) мүлде қол жұмсамаймын; ә) анда-санда; б) «Аюға намаз үйреткен – таяқ» деп есептеймін.

9. *Мұғалім болғаныңызға а) ризасыз; ә) сізге бәрібір; б) өкінесіз.*

1. *Ұжым арасында беделіңіз: а) өте жоғары; ә) жақсы; б) орташа.*

Әрбір «а» жауабына – 5 ұпай, «ә» жауабына – 3 ұпай, «б» жауабына – 1 ұпай есептеңіз.

40-50 ұпай жинасаңыз: Сіз шәкірт үшін биік тұлғасыз. Сіз бала тәрбиесіне жан-тәнімен берілген жансыз.

20-39 ұпай жинасаңыз: Сіз арбаны да сындырмайтын, өгізді де өлтірмейтін күйде жүрсіз. Сізге көп іздену керек.

10-19 ұпай жинасаңыз: Сіз босқа уақыт өткізіп жүрсіз. Орыныңызды бала жанын түсінетін шын мұғалімге босатқаныңыз жөн.

V. «Сергіту» жаттығуы.

Мақсаты: жас мамандардың көңіл-күйін көтеріп, сергіту. 1-ден 20-ға дейін сандарды атау.

VI. Рефлексия.

11-сынып оқушыларына арналған психологиялық тренинг

А. ГУБАЙДУЛЛИНА

Тренинг мақсаты: Оқушылардың өзі-өзін бағалауын жоғарлату, кез келген қиындыққа басқа көзбен қарап, өз мақсаттына жетуді көздеуге үйрету.

Құрал-жабдық: қағаз, қалам, жүрек, бейнеролик.

Тренинг барысы. Оқушылармен сәлемдесу.

- Құрметті оқушылар, бізде бүгін ерекше тренинг, тіпті сиқырлы деп айтуға болады. Мына қорапта сендерге арналған сөздер, оны сендерге сиқыршы жазып қалдырды, кімде-кім «Сиқыршы, сиқыршы мен қандаймын?» деп қораптан бір парақ қағазды алса, сонда жазылған қасиетке ие болады.

Психологиялық ахуалды жақсарту.

1. «Амандасамыз» жаттығуы.

Жаттығу барысы: қазір біз өте тез қимылдайтын ойын ойнаймыз.

Ең алдымен барлығымыз бөлме ішінде үнсіз қалыпта қозғалысқа түсеміз. Мен шапалақ соғу арқылы белгі берген кезде өте шапшаң қимылмен бір-бірлеріңізбен амандасуларыңыз қажет. Қалай амандасу керек екенін мен айтып тұрамын. Әр кезде әр түрлі адаммен амандасу қажет. Ендеше бастайық, көзбен амандасу, қолмен..., иықпен..., құлақпен..., тіземен..., маңдаймен..., өкшемен..., арқамен.

2. «Өз күшіне сену!» деген ұғымға ассоциация айту.

Оқушылар өз аттарын және өзінің өмірлік ұстанымдарын айтады.

Мысалы: «Өмірдің ағымынан қалмау»;

«Ешқашанда білмеймін демеу»;

«Қасымдағыларға көмектесу, қуаныш сыйлау»;

«Биік шыңға ұмтылу».

3. Ник Вуйчич туралы «Өзіне сену» атты бейнеролик көрсету.

4. «Өз жұлдызыңды тап» жаттығуы.

Мақсаты: Оқушының өзіне деген сенімділігін арттыру.

Ал енді жұлдызды аспанды көз алдыңызға елестетіңіз. Жұлдыздар алып және кішкентай, жарық немесе күңгірт. Біреуіңіз үшін ол бір немесе бірнеше жұлдыз. Олар бірде жақындайды, бірде алыстайды. Жұлдыздарға анықтап қарап өзіңізге ұнағанын таңдаңыз. Мүмкін ол сіздің балалық арманыңызға ұқсайтын болар, мүмкін ол сізге қуаныш бақыт, сәттілік серпіліс сәттерін есіңізге түсіретін болар. Тағы да сол жұлдызыңызды тамашалап енді бар күшіңізді салып сол жұлдызға қолыңызды созыңыз және міндетті түрде сол жұлдызыңызға қол жеткізіңіз. Аспаннан мұқият түсіріп алып, ептеп алдыңызға қойыңыз, қандай екенін, қалай сәуле шашатынын есіңізге сақтаңыз. Енді қағаз қаламдарыңызды алып сол жұлдыздың суретін салыңыз. Сіздің әрқайсыңыздың әдемі жұлдызыңыз сізге мейірімділік, достық өзара көмек қолдау сәулесін шашып турады. Енді жұлдыздарыңызды арман картасын жасап соған орналастырасыздар. Арман картасына ҰБТ-дан қанша балл жинайсыз, алдыңызға қандай мақсат қойдыңыз, соны жазасыз. Арман карталарыңыз өте әдемі болуы керек.

5. «Сыр сандық» жаттығуы. Ойлануға арналған «Сыр сандық» ойынының шартын таныстырамын. Мен сұрақтарды оқимын. Сендер әр сұраққа 2-3 оқушы жауап беруі керек. Барлығы 10 сұрақ.

Ойынның шарты: Біз бір-бірімізді жақын тану үшін барлығыңа «сыр сандықты» ұсынамын. Топтың әр қатысушысы «сыр сандықтағы» аяқталмаған сөйлемді өз сөзімен аяқтайды.

1. Ең үлкен қорқыныш – бұл...
2. Мен мынадай адамдарға сенбеймін...
3. Мен ренжимін, егер...
4. Мен ұмытпаймын, егер...
5. Маған көңілсіз, егер...
6. Егер маған дауыс көтерсе, мен...
7. Мен қарсыласқанда...
8. Егер мен сенімсіз болсам, онда...
9. Егер маған біреу ұнап қалса
10. Егер, мен шаршасам...

– Сөйлемді аяқтағанда, қандай сезімде болдыңдар? Әрине, әрқайсымыз қорқыныш, сенімсіздік, сәтсіздік сезімдерінен өттік. Рен-

жіген, нашар көңіл-күй немесе көңілсіздік болған шығар. Бұл сәтте қолдау мен сүйеністі қажет етеміз.

6.«Қар қиыршықтары» жаттығуы

Нұсқау: Бәріміз қолымызға ақ қағазды алып ортасынан бүктейміз. Оның оң жақ жоғарғы бұрышын жыртып аламыз. Тағы да бүктейміз, оң жақ жоғарғы бұрышын жыртып аламыз. Тағы да ортасынан бүктеп оң жақ жоғарғы бұрышын жыртамыз. Осылай мүмкіндігімізше жалғастыра береміз. Енді өзіміздің әдемі қар қиыршығын ашып қараймыз.

Талдау:

- Кімде бірдей, бір-бірінен аумамайтын қар қиындысы шықты? Себебі неде деп ойлайсыздар?- не себепті бәрімізде бірдей ақ қағаз бен бірдей әрекет бола тұра әр түрлі қар қиыршықтары пайда болды?

- Себебі бәріміз бірдей әрекет жасағанмен, ол бізде әр түрлі шықты. Өйткені біз әр түрлі адамдармыз. Біздің ата-аналар мен мұғалімдер қоғамдағы орнымыз, қызметіміз, жан-дүниеміз бәрі әр түрлі. Ал, біздің бірге жиналуымызда бір себеп бар – ол ҰБТ, одан жақсы жетістікке жету. Қоғамдағы орнымыз бен роліміз әртүрлі болсада, бәріміздің алдымызда тұрған мақсат бір.

Топта талқылауға арналған сұрақтар:

- Мына адамда бойында қандай қасиеттер бар?
- Оның жасаған ерлік деп айталасың ба?

7. «Кинг Конг» жаттығуы.

Мақсаты: Қатысушылардың бір-біріне деген сенімділіктері арта түсуі үшін.

Нұсқау: Жағдай оқылыды. Егер сіз онымен келіссеңіз, айтылған әрекетті орындауыңыз қажет.

- Кімнің бойы 1.65 ұзын болса, «Кинг Конг» деп айқайласын.
- Кімнің бойы 1.65 қысқа болса, «Алақай» деп айқайласын.
- Кім бүгін таңертең дәмді таңғы ас ішсе, ішін сипасын.
- Балмұздақты жақсы көретіндер тоңып тұрғандай іс-әрекет жасасын.
- Иттерді жақсы көретіндер үрсін.
- Мысықтарды жақсы көретіндер «Мяу!» деп үш рет айтсын.
- Кофеге сүт және қант қосып ішетіндер орындарында тұрып айналсын.

· Тәтті торт жегенді жақсы көретіндер екі қолын бірдей көтеріп, күлсін.

· Мемлекеттік қорытынды атестациялау тапсыруға қорықпайтындар «Алға!» деп айқайласын.

· Өздеріне сенімсіздер «Көмек қажет» деп айтсын.

· Осы тренингке қатысқандарына қуанатындар «Қуаныштымын!» деп бес рет айтсын.

Қорытынды сөз:

Психолог: Құрметті мектеп тұлғалары, алдарыңда үлкен сын тұр, сол сынға әрқашан сеніммен барыңдар. Бақытты ғұмыр болмайды, ол бақытты секунд, бақытты минут, бақытты сәттерден тұрады, біз сол бақытты сәтті сезіне білу арқылы бақытты боламыз. Бір-бірінің қолдарыңды ұстап жоғары көтеріңдер, біркелкі хор дауыспен «Біз ҰБТ-ға сеніммен барамыз!» деп айқайлаңдар.

Оқушыларға арналған психологиялық тренинг

Н. БИҒАЗИЕВА

Мақсаты: оқушылардың өмірге деген ой-пікірі, оларды адамгершілікке, шындыққа, достыққа, сыйластыққа үйрету.

Керекті құралдар: визитка, магнитофон, арнайы әуен, А4 қағаз беттері,

доп, тренингтік ереже, қалам, қарындаш.

Жоспар:

1. Сәлемдесу. Менің тренингтік есімім, визитка;
2. Ой толғау;
3. Психологиялық тест;
4. Менің мақсатым;
5. Өмір суреті;
6. Қорытынды.

Топтағы қатысушыларға төмендегі тренингтік ережені оқып, түсіндіру:

1. Топтың толық қатысуы;
2. Қатысушылардың жақсы, тату қарым-қатынастары;
3. Қарым-қатынастың ашық, әділ болуы;
4. Белсенді қатысу;
5. Осы жерде айтылғандар, топтың сыртына шығарылмайды.

1. Сәлемдесу. Менің тренингтік есімім.

Шарты: топ дөңгелек болып отырады, қатысушылар кезектесіп сәлемдесіп, өздерінің тренингтік есімін визиткаға жазып қояды. Әрбір сәлемдесуге 3 минут уақыт қажет.

2. Ой толғау. Мен өмірді қалай түсінемін?

Өмірді әр адам әр түрлі түсінеді. Әр адамның өз өмірі, тағдыры болады. Өмір бір рет беріледі, оны бос өткізбеуіміз керек. Бұл жалған өмірде әр адам таңдауға құқұлы. Алға қойған мақсатымызды да, арманымызды да жүзеге асыруға тырысайық. Бүгін бармыз ертең жоқпыз дегендей өмірді бос өткізбейік.

3. Психологиялық тест.

Өзіне, өзінің күшіне деген сенімділік – ашық-жарқын, көңілді, өмірге қуанышты көзбен қарайтын адамдардың ерекшелігі. Сіздің өмірге сенімділік деңгейіңізді тексерейік. Берілген пікірлерді зер сала оқып, өзіңізге сәйкес нұсқаның әрпін белгілеңіз.

1) Сіз таңертең ұйықыдан ояғанда мынаны ойлайсыз:

- А) бәрінен жақсы көретін ісіңізді;
- Ә) орындалуға тиісті, бірақ сізге ұнамайтын істерді;
- Б) өзіңізге сүйкімді және жақын адамыңыз туралы;
- В) өзіңіз ұнатпайтын адамды.

2) Таңертеңгілік ас кезінде сіз үнемі:

- А) асықпай, дастархан мәзірін әзірлейсіз;
- Ә) уақыттың жетпегенінен тағы ұйқым қанбады деп ашуланасыз;

Б) жақындарыңызбен сөйлескенді ұнатасыз;

В) үнемі кешігіп қалам деп тамақ ішуге асығасыз.

3) Таныс емес адаммен алғаш кездескенде сіз:

- А) оған сеніммен қарайсыз;
- Ә) сізге сұрақ қоя ма деп күтесіз;
- Б) оған қызықтап қарайсыз;
- В) өзіңіз әңгіме бастайсыз.

4) Егер сізге (театрда, кинода, көшде) біреу ұзақ қарап тұр-

ғанын байқасаңыз:

- А) мені мазақ етіп тұр ма деп ойлайсыз;
- Ә) Сізге оның қарағаны ұнайды;
- Б) өзіңізге айнадан қарайсыз;
- В) мән бермейсіз.

5) Сіз бейтаныс ауданда (қалада) бір мекен-жайды іздеп жүрсеңіз:

- А) бірден анықтама бөліміне хабарласасыз;
- Ә) өзіңіз іздеп табуға тырысасыз;
- Б) өзіңіз таппай қалам ба деп қорқасыз.

6) Оқу күні басталғанда сіз:

- А) бұл күн сәтті болады деп ойлайсыз;
- Ә) сабақ тезірек аяқталуын күтесіз;
- Б) өз достарыңызды көретіндігіңізге қуанасыз;
- В) бұл күні қолайсыз жағдайлар болмайды деп үміттенесіз.

7) Егер бір ойыннан ұтылып қалсаңыз, сіз:

- А) ренжисіз, «мен үшін бұл күн сәтсіз» деп ойлайсыз;
- Ә) қашан ұтқанша ойынды жалғастыра бересіз;
- Б) ойын болған соң біреу жеңілу керек қой деп есептейсіз;
- В) жеңудің тәсілдерін ойлап табуға тырысасыз.

8) Сіз өзіңізге құрметті адамды ренжітіп алсаңыз, онда:

- А) онымен қатты ренжесіп қалудан қорқасыз;
- Ә) бұған қалыпты қарайсыз;
- Б) тез түсінісеміз, бәрі де жақсы болады деп ойлайсыз;
- В) өте «жайлы» қарым-қатынас жалықтырады деп есептейсіз.

9) Дәрігерлік тексерудің нәтижесін күтіп отырып, сіз:

- А) сізден қауіпті дерт шыға ма деп қорқасыз;
- Ә) дәрігер бәрібір шындықты айтпайды деп ойлайсыз;
- Б) егер ештеңе болмаса, неге қорқоуым керек деп ойлайсыз;
- В) әр нәрсенің шындығын өз уақытында білген дұрыс деп ойлайсыз.

10) Шешім қабылдар алдында мынаған сенесіз:

- А) сәттілікке;
- Ә) тек өзіңізге;
- Б) «қара мысықпен» жолықпауға;
- В) тағдырға.

Тест «кілті»

Сұрақтар	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
А	5	5	4	1	2	5	2	1	2	2
Ә	2	1	1	5	5	2	1	3	1	5
Б	5	4	3	2	3	4	5	5	4	1
В	1	2	5	3	1	2	4	4	3	2

Нәтижелерді түсіндіру.

11-17 ұпай. Сізде өмірге деген сенімділік аз, уайымшыл адамсыз. Өзіңізді өзгертуге ұмтылыңыз.

18-24 ұпай. Кейбір сәтте өмірге сеніммен қарағаныңызбен, көбіне уайымшылсыз. Көңіл-күйіңізді көтеріп, өзіңізге ұнайтын іспен айналысыңыз.

25-30 ұпай. Сіздің өмірге көзқарасыңыз өте жақсы, бірақ сенімсіздік көңіл-күйден арыла алмайсыз.

31-41 ұпай. Сіз қандай қиындықта да өмірге деген сеніміңізді жоғалтпайсыз. Бұл дұрыс! Бірақ осы қасиетіңіз сіздің қателеріңізді түзеуге кедергі жасайды. Өкінішті-ақ!

4. «Менің мақсатым». **Шарты:** қатысушылар өзінің алға қойған мақсатын айтып, сол мақсатты қалай іске асырудың жолдарын түсіндіруі қажет. Уақыт: 4 минут және «сол мақсатқа жете алады ма?» деген сұраққа жауап беруі қажет.

5. «Өмір суреті». **Шарты:** оқушыларға А4 қағазы үлестіріледі. Сол қағазға өмірді бейнелейтін сурет салу қажет. Салынған сурет бойынша оқушылар өз ойларын айтады.

6. Қорытынды: оқушылар тренингтен алған әсерлерімен бөліседі.



Индекс 75487

Мектептегі психология -

Психология в школе

журналы

Құрметті оқырман қауым!

Қолдарыңызға тиіп отырған журнал мектеп, мектепке дейінгі, арнайы, жоғары оқу орындары мұғалімдері мен оқытушыларына, жалпы оқырмандарға арналған. Журналға «Казпочта», «Ернұрпресс», «Евразия Пресс», «Эврика-пресс» арқылы жазылған тиімді.

Жазылу ай сайын жүргізіледі.

Мекен-жайымыз: 050036, Алматы қаласы, Мамыр-2, 13-7.

Қиын алыңыз да, жазылыңыз!

Басылым индексі

АБОНЕМЕНТ

75487

Мектептегі психология -
Психология в школе

Комплекті саны

2023 жылға, айлары

қайда																	

(почта индексі) (мекен-жайы)

кімге (аты, жөні)

Тасымалдау карточкасы

75487

Басылым индексі

Бағасы	Жазылу мекен-жайын өзгерту	...теңге	...тиын	комплекті саны
		...теңге	...тиын	

2023 жылға, айлары

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
қайда											

қайда

(почта индексі) (мекен-жайы)

кімге

(аты, жөні)

Авторлар туралы мәлімет

Сведения об авторах

АБИКЕНОВА Алуа Иманмадиевна – Шақа жалпы орта білім беретін мектеп психологы. Шақа ауылы, Аққулы ауданы, Павлодар облысы.

АЛТЫНБЕКОВА Сауле – №85 орта мектептің педагог-психологы. Төретам кенті, Қармақшы ауданы, Қызылорда облысы.

БИҒАЗИЕВА Нұргүл Мақсұтқызы – Кеңсуат негізгі жалпы білім беретін мектебінің психологы. Ақжайық ауданы, Батыс Қазақстан облысы.

ГУБАЙДУЛЛИНА Алмагул Мейрамғалиқызы – №3 жалпы орта білім беретін қазақ мектебінің педагог-психологы. Жаңақала ауданы, Батыс қазақстан облысы.

ДРОБА Татьяна Дмитриевна – воспитатель КГУ «Областной дом юношества» Управления образования акимата Костанайской области.

ДҮЙСЕНОВА Жайнагүл Берікқызы – Қарабау орта мектебінің педагог-психологы. Қарабау ауылы, Қызылқоға ауданы, Атырау облысы.

КӨЛТАЕВА Ақмарал Қонысбайқызы – Тасөткел орта мектебінің педагог-психологы. Тасөткел ауылы, Хромтау ауданы, Ақтөбе облысы.

КУТУБАЕВА Айгуль Канагатовна – воспитатель КГУ «Областной дом юношества» Управления образования акимата Костанайской области. Город Костанай.

ОЛЖАЕВА Акнур Кайнаровна – Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы, педагогика және психология мамандығының 1-курс докторанты. Алматы қаласы.

СИЗОНЕНКО Ольга Анатольевна – педагог-психолог КГУ «Общеобразовательная школа села Свободное отдела образования по Есильскому району управления образования Акмолинской области». Акмолинская область.

СУЛТАНҒАЗЫ Ақбөпе Айдыңқызы – Ы. Алынсарин атындағы орта мектеп КММ ағылшын тілі пәні мұғалімі. Жаркент қаласы, Панфилов ауданы, Жетісу облысы.

ТУЛЕШОВА Майра Махамбетовна – Д. Төленов атындағы мектеп-гимназиясының әлеуметтік педагогы. Махамбет ауылы, Махамбет ауданы, Атырау облысы.

ҮДЕРБЕК Жайдары Қазбекқызы – М. Шоқай атындағы №187 ІТ мектеп-лицейінің педагог-психологы. Қызылорда қаласы, Қызылорда облысы.